

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

С.Н. ИСАБАЕВА

**ӘЛЕМДІК АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ
РЕСУРСТАРЫ**

Алматы, 2015 ж.

**УДК
ББК
И**

Баспаға Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің редакциялық баспа кеңесі ұсынған

Пікір жазғандар:

Б.Д.Сағындықов – пед. ғыл. докт., доцент;

С.Ә.Исаев – физ-мат. ғыл. канд., доцент.

Исабаева С.Н.

Әлемдік ақпараттық білім беру ресурстары:

Исабаева С.Н. *Оқу құралы.* – Алматы, 2015, – 156 б.

ISBN

Оқу құралы педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттеріне, білімді жетілдіру институттарының тыңдаушыларына, информатиканы тереңдетіп оқытатын мамандық студенттеріне «Әлемдік ақпараттық білім беру ресурстары» курсына жүйелі түрде оқып үйренуге арналған. Сондай-ақ әлемдік ақпараттық білім беру ресурстары, олардың жіктелуі, электронды кітапхана туралы мағлұматтар берілген.

УДК
ББК

ISBN

© Исабаева С.Н., 2015
© Қыздар университеті, 2015.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде әлемдік стандарт пен дүниежүзілік деңгейге көтерілетіндей баспалдақтардан өтуге бағыттауда әлемдік ақпараттық білім беру ресурстарына деген қызығушылықтың арта түскені белгілі. Сондықтан студенттердің әлемдік ақпараттық білім беру ресурстары туралы білімдерін жетілдіру қазіргі заман талабы.

Әлемдік ақпараттық білім беру ресурстары алдыңғы кезекте тиісті ақпарат тасушыларда бекітілген деректер, мәліметтер жинақталған ақпараттық ресурстардан тұрады. Біртұтас ақпараттық кеңістіктің жұмыс істеуі мен дамуын, атап айтқанда ақпаратты жинауды, өңдеуді, сақтауды, таратуды, іздестіру мен беруді қамтамасыз ететін ұйымдық құрылымдардан, ақпараттық ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдар және ұйымдық-нормативтік құжаттар сияқты негізгі компоненттерден тұрады.

Бүгінгі таңда мұндай ресурстарға оқушылардың, студенттердің, тіпті жалпы пайдаланушылардың сұранысы арта түсуде.

Бұл ұсынылып отырған оқу құралында әлемдік ақпараттық білім беру ресурстарын оқып-білуге қажетті материалдар берілген. Оқу құралы бес тараудан тұрады.

Бірінші тарауында әлемдік ақпараттық кеңістік ұғымына сипаттама беріліп, әлеуметтік ақпарат ұғымына түсініктеме берілген. Әлемдік ақпараттық ресурстардың ұйымдастырылған құрылымы сараланып, әлемдік ақпарат нарығының даму кезеңдері, әлемдік білім нарығы ұғымының мәні ашылып, интернет ресурстары сипатталады.

Екінші тарауда ақпараттық ресурстар: анықтамасы, жіктелуі, дамуы туралы сөз болады. Ақпараттық ресурстарға сипаттама беріледі, жіктеледі. Құжаттарды іздеу жолдары келтірілген. Қолданушыларға арналған профильді ресурстар беріліп, ақпараттық ресурстармен жұмыс әдістемесі ұсынылған.

Үшінші тарауда интернет – бүкіләлемдік ақпараттық ресурс ретінде түсіндіріліп, жағымды қырлары, негізгі сервистер айтылған. Ақпараттық-ізденістік жүйелері беріліп, іздеудің негізгі түрлері жіктелген.

Төртінші тарауда электронды кітапхананың әлемдік

ақпараттарға қолжетімділікті жүзеге асыратындығы туралы сөз болып, электронды кітапхана және электронды ресурстардың ақпарат алудағы мүмкіндіктері айтылып, электронды каталогтарға сипаттама беріледі. Орталық компьютерден локальды қолжетімді ұсынылатын ресурстар туралы мәліметтер келтіріледі.

Бесінші тарауда web-сайттар, орталықтың web-сайты, МИФИ НИЯУ (Москва инженерлі-физика институты, Ұлттық ядролық зерттеу университеті) басылымдарына сипаттама беріледі. НТИ органдарының басылымдары туралы айтылып, шетелдік ғылыми мерзімдік басылымдар мәліметтерінің толық мәтіндік базалары келтіріледі.

Әрбір тарауға бақылау сұрақтары берілген. Семинар сабақтарын жүргізуге нұсқаулар мен кең көлемде библиография, соңында студенттердің білімін пысықтауға арналған тапсырмалар келтірілген.

Оқу құралы педагогикалық жоғары оқу орындарының 5В070300-Информатика мамандығында оқитын студенттерге, жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері мен арнайы орта оқу орындары, колледж оқытушыларына информатика сабақтарын жоспарлап жүргізуге жетекші құрал ретінде ұсынылған. Сонымен қатар, магистранттар мен докторанттар да пайдалана алады.

I ТАРАУ. ӘЛЕМДІК АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІК

1.1 Әлемдік ақпараттық кеңістік ұғымына сипаттама

Еліміз өркендеудің жаңа сатысы – ақпараттық кезеңге аяқ басуда. Интернет, жедел байланыс сияқты коммуникацияның жаңа құралдары әлемдегі дерек көздері мен базаларын жаппай пайдалануға мүмкіндік беріп отыр. Ақпарат өндірістік фактор ғана емес, қоғамды демократияландырудың, билік құрылымдары ашықтығының негізгі құралдарының біріне айналуда.

Қазіргі кезде әлемдік қауымдастықта біртұтас ақпараттық кеңістік терминінің ортақ түсінігі қалыптасты. Біртұтас ақпараттық кеңістік деректер базалары мен банктерінің, оларды енгізу және пайдалану технологияларының, азаматтар мен ұйымдардың ақпараттық өзара байланысын, олардың ақпараттық сұраныстарын қамтамасыз ететін біртұтас қағидаттар, жалпы ережелер негізінде жұмыс істейтін ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер мен желілердің жиынтығы болып табылады. Біртұтас ақпараттық:

– тиісті ақпарат тасушыларда бекітілген деректер, мәліметтер мен білім қорлары жинақталған ақпараттық ресурстар;

– біртұтас ақпараттық кеңістіктің жұмыс істеуі мен дамуын, атап айтқанда ақпаратты жинауды, өндеуді, сақтауды, таратуды, іздестіру мен беруді қамтамасыз ететін ұйымдық құрылымдар;

– азаматтар мен ұйымдардың ақпараттық өзара байланыс құралдары, атап айтқанда тиісті технологиялар негізінде ақпараттық ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдар және ұйымдық-нормативтік құжаттар сияқты негізгі компоненттерден тұрады.

Технологиялық даму нәтижесінде дүниежүзілік біртұтас ақпарат кеңістігі ақиқатқа айналды. Қазіргі таңда әлемнің дамыған елдерінің барлығы дерлік ақпараттық қоғам құру және оны дамыту жөніндегі өз саясатын айқындаған. Мәселен, 1993 жылы қабылданған «АҚШ әкімшілігінің Ұлттық ақпараттық инфрақұрылым саласындағы іс-жоспары» Б.Клинтон – А.Гора әкімшілігінің маңызды бастамасы болды. 1994 жылғы шілдеде Еуропалық қауымдастық комиссиясы «Ақпараттық қоғамға апаратын Еуропалық жол» жоспарын қабылдады. 1995 жылы Финляндия өзінің «Ақпараттық қоғамға апаратын фин жолы» бағдарламасын, 1997 жылы ГФР үкіметі «Ақпараттық қоғамға апаратын Германия жолы» бағдарламасын қабылдады.

2000 жылдан бері қарай мемлекеттердің көпшілігінде осындай бағдарламалардың үшінші, тіпті, төртінші буыны жүзеге асырыла бастады. Ақпараттық қоғам құруға жәрдемдесетін бірқатар халықаралық ұйымдар құрылды. 2000 жылы маусымда «Үлкен сегіздіктің» кездесуінде ғаламдық ақпараттық қоғамның Окинава хартиясы қабылданып, онда ақпараттық технологиялардың әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени қосымшаларын дамытуға жоғары саяси деңгейде басымдық берілді.

1999 жылы «Ресейде ақпараттық қоғам құру тұжырымдамасы» жасалды, кейіннен ақпараттық қоғам құру бағдарламасы қабылданды. 2002 ж. РФ Үкіметі «Электронды Ресей» мақсатты бағдарламасын бекітті, ол елді ақпараттандыру жөніндегі бірқатар жобаларды жүзеге асыруды, атап айтқанда, демократияны дамытуға жағдай жасауды, экономиканың, мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімділігін арттыруды көздейді.

Қазақстан Республикасының жаңа ғасырдағы әлеуметтік-экономикалық дамуы ақпараттық саясатты ұтымды ұйымдастырумен, жаңа үрдістер мен тәжірибелерді өмірге батыл енгізумен тығыз байланысты. Қазіргі таңда елімізде ақпараттық қоғамды қалыптастыру және дамыту жолдары нормативтік-құқықтық тұрғыда белгіленген. Қазақстан ғаламдық ақпараттық қоғамға кірігуге және ғаламдық ақпараттық инфрақұрылымға қосылуға ұмтылыс танытуда. Мұның өзі республиканың технологиялық және экономикалық тұрғыдан дамыған елдердің ат төбеліндей тобына саяси тәуелсіздікті, ұлттық ерекшеліктер мен мәдени дәстүрлерді сақтай отыра қосылуына, дамыған азаматтық қоғамы бар құқықтық мемлекет ретінде әлемдік телекоммуникация құралдарын пайдалануға негізделетін жаңа технологиялық үрдістерді қалыптастыру, ақпарат пен білім нарығын жасау, жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, қоғамдық өндірістегі ақпараттық құрылымның рөлін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы №573 Жарлығымен «Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық құрылымын қалыптастыру мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды.

Елімізде электронды үкімет құру идеясын Мемлекет басшысы өзінің республиканы әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына енгізу туралы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауында

білдірген болатын. 2004 жылғы 10 қарашада электронды үкіметті ендіру туралы «Қазақстан Республикасында электрондық үкіметті қалыптастырудың 2005–2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Президент Жарлығымен бекітілді. «Электронды үкімет» порталы – Қазақстан азаматтарының және республика қонақтарының Қазақстан туралы, оның үкіметі, заңнамасы, ұлттық назар аударарлық орындары туралы ресми ақпарат ала алатын, сонымен қатар онлайн режимде мемлекеттік органдар қызметіне ие болып, айыппұл төлеуге мүмкіндік беретін бірыңғай ресурс. 2011 жылы 14 қарашада Қазақстан Республикасы ақпараттық қауіпсіздігінің 2016 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданды.

Ақпарат алу еркіндігі және оны тарату бостандығы ақпараттық қоғамның ерекше белгісі болып табылады. Бұл демократиялық процедураларды жетілдіруге, іскерлік белсенділікті арттыруға, адал бәсекені дамытуға, тұтынушылардың құқығын қорғауға жәрдемдесіп, экономиканың «олигархтануына», бюрократияның тиімділігі төмен монополистік құрылымдармен біте қайнасуына, сыбайлас жемқорлық пен шаруашылықтың құлдырауына тосқауыл қояды. Толық және дәл ақпаратқа сүйене отырып, саясатта, экономикада, ғылымда, практикалық қызметте дұрыс та сарабал шешімдер қабылдауға болады. Ақпараттық қоғам мемлекетті басқаруды жетілдіру және жергілікті жағдайлар мен ресурстарды ұтымды пайдалану, өндіріс тиімділігін елеулі түрде арттыру, білім беруді дамыту, табиғат ресурстарын үнемдеу, қоршаған ортаны қорғау үшін кең мүмкіндіктер ашады. Электронды коммуникацияларды пайдалану білім беру жүйесін түбегейлі өзгертіп, денсаулық сақтау жүйесін жақсартады. Ақпараттық қоғам - барлық алдыңғы қатарлы елдердегі негізгі қоғамдық қабат саналатын «орта тапты» дамыту үшін оңтайлы орта болып табылады.

Ақпараттық қоғамның барлық мүмкіндіктерін есепке ала отырып, ол әкелетін проблемаларды да естен шығармау керек. Ең басты қауіп өндіріс ғаламдануының күшеюі мен әлемдік корпорациялардың әбжілдігі айналадағы ортаны қорғау саясатына, еңбек пен әлеуметтік қорғау құқығына жағымсыз әсер етіп отыр. Ғаламдық желілерді жиі пайдалану жағдайында мәдени агрессияның жаңа формалары пайда болып, тұтас бір қауымдастықтың өзіндік мәдени, ұлттық ерекшеліктерін, соның ішінде тілін жоғалтуына әкеліп соғуы мүмкін. Ақпараттық

ғасырдың осы және басқа да қауіп-қатерлеріне қарсы тұрудың тиімді әдістері ғаламдық ақпараттық кеңістіктен іргені аулақ салуда емес, осы кеңістікті қалыптастыруға өз тарапынан толыққанды ат салысуда жатыр. Ұмысқаннның қолы жететін ашық ақпараттық желілер жағдайында әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан алғанда қауіпті болып табылатын ақпаратты шектеу, дербес деректерді электронды жолмен тарату, халықтың бір бөлігі ғана жаңа технологиялар мен ақпараттық ресурстарға кіре алатын ақпараттық элитаризм, авторлық құқық және электронды ақпаратты өндірушілер құқығы проблемалары туындап отыр.

Ақпараттық қоғам орнатудың негізгі шарттарына:

- біртұтас ақпараттық кеңістікті қалыптастыру;
- келешегі мол ақпараттық технологияларды, есептеу техникасы мен телекоммуникация құралдарын жаппай қолдануға негізделетін жаңа технологиялық үрдістердің экономикада қалыптасып, кейіннен басымдықта болуы;
- ақпарат және білім нарығын құру;
- байланыс, көлік, ақпарат инфрақұрылымын жасау;
- жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- білім беру, ғылыми-техникалық, мәдени даму деңгейін арттыру;
- азаматтар мен әлеуметтік институттардың ақпаратты еркін алуға және таратуға деген құқығын қамтамасыз етудің тиімді жүйесін жасау сияқты міндеттерді шешу қажеттігі жатқызылады.

Мемлекеттердің біртұтас ақпараттық кеңістігін және планетаның ғаламдық ақпараттық кеңістігін қалыптастыратын негіз ретінде телекоммуникация және телерадиохабарларын тарату технологияларына деген мемлекеттер мен қоғамдық ұйымдардың ынтасы күннен-күнге өсіп отыр.

Қазақстан Республикасы біртұтас ақпараттық кеңістігінің техникалық негізі телерадиохабар және телекоммуникация кешендерінен, баспаханалардан, пошта байланысы мен алуан түрлі ақпараттық жабдықтан, ақпараттық кешеннен тұратын инфрақұрылым болып табылады. Көрсетілетін инфокоммуникациялық қызметтердің саны мен сапасының артуына байланысты телекоммуникациялық және ақпараттық кешендердің біртұтас ақпараттық-коммуникациялық кешенге кірігуі жүзеге асады.

Мемлекеттік ақпараттық саясаттың ұзақ мерзімдік стратегиялық мақсаты – елдің біртұтас ақпараттық кеңістігін дамыту негізінде ашық ақпараттық қоғамды қалыптастыру, ұлттық ерекшеліктер мен мүдделерді ескере отырып, әлемдік ақпараттық кеңістікке кірігу, қоғамдық, мемлекет ішілік және халықаралық деңгейлерде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады.

Ақпараттық саладағы құқықтық реттеу мәселелеріне арналған нормативтік-құқықтық актілер және осы пән бойынша өзге құқықтық-нормативтік актілердегі жекелеген нормалар, сонымен бірге мемлекеттік ақпараттық саясатты қалыптастырудың негізгі салаларының бірі.

Қазіргі таңда “Бұқаралық ақпарат құралдары туралы”, “Байланыс туралы”, т.б. негізгі ақпараттық заңдар қабылданды. Сөз бостандығының, ақпаратты еркін алу мен таратудың, цензураға тыйым салудың заңдық кепілдіктері бар, олар ел Конституциясында, қолданымдағы “Бұқаралық ақпарат құралдары туралы” Заңда бекітілген. Міне, осының арқасында отандық медиа-кеңістік қауырт дамып келеді

Ақпараттың экономикалық категорияға айналуына байланысты бүгінде мемлекет ақпараттық ресурстар саласындағы саясатты заңдық тұрғыдан белгілейді, яғни ақпарат тасқыны реттеліп отырады. Алайда, технологиялық даму нәтижесінде қазіргі таңда әлемде біртұтас ақпараттық кеңістік қалыптасып келе жатқандықтан, адамзат қоғамын техникалық құралдар арқылы таратылатын бұқаралық ақпаратпен кедергісіз қамтамасыз ету мүмкіндігі қарастырылған. Бүгінде біз өркениеттік дамудың ақпараттық сатысына көтерілдік деп нық сеніммен айта аламыз.

1.2 Әлеуметтік ақпарат

Демократиялық құндылықтарға негізделген дамудың жаңа деңгейіне, азаматтық және құқықтық қоғамға, саяси әр алуандыққа көшу ақпаратқа деген орасан зор сұранысты туғызып отыр. Осы сұранысты қанағаттандыру қажеттігі ақпараттық процестерді, яғни саяси-әлеуметтік, экономикалық құрылымдар мен жұртшылық арасындағы хабар алмасуды тиімді басқару мәселесін күн тәртібіне қоюда. Бағдарлау, белсенді іс-әрекет, басқару, яғни жүйенің сапалық ерекшелігін сақтау, оны жетілдіру

мен дамыту үшін қолданылатын білім бөлігі ақпаратты құрайды. Болмыстың адам санасында бейнеленуі болып табылатын таным процесінің мәні де «ақпарат» ұғымымен тығыз байланысты.

«Ақпарат» ұғымына қандай да болмасын дерек, мәліметтер мен білім жиынтығы кіреді. Шығу тегіне байланысты ақпаратты биологиялық (генетикалық) ақпарат, техникалық ақпарат, геологиялық ақпарат, т.б. деп жіктеуге де болады. Ақпарат теориясында бұл түсінік сақтау, жеткізу, түрлендіру объектісі саналатын деректер жиыны ретінде пайымдалады, ал информатика ғылымы, ақпараттың құрылымы мен қасиеттерін, сондай-ақ оны жинақтауға, сақтауға, іздестіруге, өңдеуге, түрлендіруге, бөлуге және қызметтің түрлі салаларында пайдалануға қатысты мәселелерді зерттейтін пән ретінде көрінеді.

Әлеуметтік болмыс құбылыстары мен процестерін еркін ақпарат алмасу негізінде жетік білу қоғамның өз элементтерін ішкі және сыртқы ортаның өзгерістеріне орай мақсатты түрде қайта құруына мүмкіндік береді, сөйтіп, оның тұрақты да нық қызметі үшін негіз қалайды. Саяси және экономикалық мәселелер бойынша басқару шешімдерін талдау мен қабылдау процесі жөніндегі адамдардың жан-жақты хабардарлығын, басқару органдары өкілдерінің тұрақты есептілігін қамтамасыз етпейінше, демократиялық қоғам орнату мүмкін еместігін тоталитаризм тарихы тайға таңба басқандай көрсетіп берді.

Қоғамның өмір сүруінің айрықша қырын бейнелейтін ақпарат түрлерінің бірі – әлеуметтік ақпарат. Ол қоғамдық өмірдің әлеуметтік құбылыстары мен процестерінің сан алуан түрін сипаттайтын ақпараттың неғұрлым күрделі де мазмұнды саласы болып табылады. Ақпараттың кез келген түрі сияқты әлеуметтік ақпараттың да бірқатар өзіндік ерекшеліктері бар. Оның айқындаушы ерекшеліктерінің қатарына мазмұн жатады. Өйткені әлеуметтік танымның басты объектісі – адам. Қоғамдық қатынастарда адамның алатын орны, атқаратын қызметі әлеуметтік ақпараттың негізгі мәнін білдіреді. Басқару субъектісі жөнінде сөз қозғайтын болсақ, оның іс-әрекет негізі білім, ал білім дегеніміз әлеуметтік болмысты танып-білудің тәжірибеде тексерілген нәтижесі, нақтылап айтқанда, оның адам санасында бейнеленуі. Басқару құрылымына енгізілген білім әлеуметтік ақпаратқа айналады, ал, жүйелендіріліп, қорытылған ақпарат әлеуметтік білімді құрайды. Білімге негізделетін ақпараттық

қоғамның негізгі «құрылыс материалы» әлеуметтік ақпарат болып табылады.

Әлеуметтік ақпараттың қоғамымызда алатын орны дамудың жаңа белесі ақпараттық экономика – қыр астынан қол бұлғаған қазіргі кезеңде ерекше дамып отыр. Өйткені шикізатқа емес, ғылым-білімге, ақпараттық технологияларға негізделетін экономикалық даму үрдісі қалыптасып келеді. Басты міндеттердің бірі – елдің ақпараттық ресурстарын молайту. Себебі, ақпараттық ресурстар қоғам дамуы барысында ортаймайтын (табиғи, қазба байлықтар сияқты), қайта уақыт өте ұлғайып отыратын, сапалық тұрғыдан жақсарып, өзге ресурстарды тиімді пайдалануға жәрдемдесетін бірден-бір ресурс түрі болып табылады. Ақпараттық саясат түптеп келгенде, нақ осы ақпараттық ресурстарды ұтымды пайдалануға және оның тиімділігін арттыруға бағытталады.

Нақ осы ақпаратты өңдеу және тарату саласындағы түбірлі өзгерістер қоғамдық қатынастарды да түбегейлі, революциялық жолмен жаңартып отырды. Алғашқы төңкерісті бетбұрыс жазу-сызудың ойлап табылуы нәтижесінде жүзеге асты, сөйтіп ілім-білімді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу мүмкіндігі туындады. Ал, 1450 жылы кітап басудың өмірге енуі арқылы болашақ индустриялық қоғамның іргетасы қаланды. Үшінші революция электрдің ойлап табылуымен тұспа-тұс келіп, телеграф, телефон, радио арқылы ақпаратты қашыққа беру, сондай-ақ оны орасан зор көлемде жинақтау ақиқатқа айналды. Ал, жуырда ғана, өткен ғасырдың 70-жылдары ойлап табылған микропроцессорлық технология және жеке компьютерлер төртінші төңкеріске негіз қалады. Микропроцессорлық және интегралдық схемаларды қолдана отырып, ғалымдар мен өнертапқыштар компьютер, ақпарат тарату жүйелерін жасап шығарды, ғаламтор желісі – интернет құрылды. Мұның өзі жеке және заңды тұлғалардың кез келген ақпаратты уақыт пен кеңістік шарттылығына бағынбай, өз қалауынша жөнелтіп, қабылдап отыруына мүмкіндік берді.

Ақпарат және ақпараттық процестер бұқаралық сананың идеология, қоғамдық пікір сияқты ерекше түрлерінің өзегін түзеді. Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруда идеология саласындағы ақпараттық байланыстарды тиімді басқару маңызды орын алып отыр. Жұртшылықпен байланыс саласында ғылыми зерттеулер мен әдістемелік жұмыстар жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда, «Қазақстандағы PR мен БАҚ» атты мақалалар жинағының

бесінші шығарылымы жарық көрді, әдістемелік құралдар жасалды. 2002 жылы ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясында «Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жұртшылықпен байланыс: әдістеме, актуалды проблемалар мен қазақстандық тәжірибе» атты ғылыми-практикалық конференция өтті. 2006 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің бастамасымен әрі қаржылық қолдауымен Астанадағы Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінде «Қазақстан қоғамындағы ақпараттық процестер: менеджмент және маркетинг» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция болып өтті. Осы оқу орнында 2009 жылғы сәуір айында Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің әдістемелік жәрдемімен өткен «Қазақстандағы жұртшылықпен байланыс: теория және практика» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция еліміздегі PR нарығын дамыту және білім беруді жетілдіру мәселелеріне арналды. «Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылғанына 10 жыл толуына орай әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде 2010 жылдың 11 наурызында өткен «Қазақстан қоғамындағы ақпараттық процестер: PR, БАҚ менеджменті және маркетингі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жоғарыда аталған ғылыми мәжілістердің заңды жалғасы болып табылады. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында Қазақстандағы жұртшылықпен байланыстың, БАҚ менеджменті мен маркетингінің қалыптасуы және дамуының актуалды теориялық-әдіснамалық мәселелері қарастырылды.

Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде, Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінде, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде, Халықаралық бизнес университетінде жұртшылықпен байланыс мамандығы бойынша сапалы білім беруге қажетті материалдық-техникалық база мен кәсіби оқытушылар құрамы бар. Қазақстанда жұртшылықпен байланыс бойынша мамандар даярлау жөніндегі білім беру бағдарламасы сыннан өткен жүйеге сүйенеді, оған жоғары университеттік білім ауқымындағы іргелі жалпы білімдік пәндер, сондай-ақ үш негізгі бөліктен – жалпыгуманитарлық пәндерден, журналистік және мамандық пәндерінен тұратын,

мамандықтың білім кешенін түзуге бағытталған пәндердің қомақты тізімі кіреді.

Оқуды «жұртшылықпен байланыс» мамандығы бойынша тәмамдаған түлектер мемлекеттік мекемелерде, әралуан меншік түріндегі кәсіпорындар мен қоғамдық ұйымдарда баспасөз хатшысы, жұртшылықпен байланыс жөніндегі кеңесші болып жұмыс істей алады. Осы мамандық бойынша білімін тереңдеткен түлектер еліміздің жағымды инновациялық бет-бейнесін қалыптастыру саласында жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болады. Бұл, әсіресе, еліміздің экономикалық әлеуетінің артуымен тікелей байланысты. Елбасы жоғары дамыған 50 ел қатарына қосылу міндетін алға қойып отырған қазіргі таңда еліміздің бәсекелестік артықшылықтарын әлемдік деңгейде насихаттай білудің маңызы арта түсуде.

Алайда, қазіргі ақпараттық техника мен технологияның сипаты, түрінің сан алуандығына қарамастан хабар-ошар алу мен жеткізудің ең дамыған арнасы бұқаралық ақпарат құралдары болып қалуда. Қалыптасқан көзқарасқа сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарына баспасөз, теледидар, радиохабар, баспалар мен кітап саудасы, ақпарат және жарнама агенттіктері, интернет желісі, сондай-ақ жұртшылықпен байланыс қызметтері жатады. Кейбір зерттеушілер пошта байланысы мен телефонды, анықтама қызметтерін де БАҚ түрлеріне жатқызып жүр. Ал, хабар жеткізетін техникалық құралдардың ерекшеліктеріне сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары (масс-медиа деп те аталады) баспасөз, электронды және Интернет-БАҚ болып бөлінеді. Мұндай бөліністі ТМД елдері зерттеушілерінің көбісі мақұлдайды. Жоғарыда атап өткеніміздей, ақпарат агенттіктерін жеке БАҚ түрі ретінде қарастыратын ғалымдар бар, алайда, қазіргі агенттіктер өздерінің жаңалық таспаларын интернетке шығарып, нақты уақыт режимінде жаңғыртып отыратынына байланысты оларды интернет-медиа қатарына жатқызуға әбден болады.

Бұқаралық ақпарат негізінен алғанда, журналистика және оның инфрақұрылымдары, атап айтқанда БАҚ, жұртшылықпен байланыс қызметтері, жарнама және ақпарат агенттіктері арқылы таратылады. Сонымен, журналистика дегеніміз, біріншіден, газет-журнал редакцияларынан, кітап баспаларынан, телерадиокомпаниялар жиынтығынан тұратын қоғамның ерекше әлеуметтік институты. Бұл институттың қызметі, яғни

басылымдарды, теледидар және радио хабарларын көпшілік аудиторияға дайындап, тарату журналистиканың техникалық, ақпараттық, ұйымдастырушылық-басқарушылық инфрақұрылымы арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл инфрақұрылымға сондай-ақ журналистикалық білім ордалары мен ғылыми орталықтар да кіреді. Екіншіден, журналистика осы қоғамдық институттың тіршілік етуіне қажетті маңызды әлеуметтік ақпаратты жинақтап, өңдеуге және таратуға мүмкіндік беретін қызмет түрі. Үшіншіден, журналистік қызметті жүзеге асыратын, редактордан корректорға, телережиссерден видеоинженерге дейінгі мамандықтар жиынтығы. Төртіншіден, журналистер өмірге әкелетін туындылар жүйесі. Бесіншіден, бұқаралақ ақпаратты тарататын арналар кешені, яғни баспасөз, радио, теледидар, интернет. Журналистика туралы сөз қозғағанда, БАҚ (бұқаралық ақпарат құралдары), БКК (бұқаралық коммуникация құралдары), баспасөз, пресса, масс-медиа деген ұғымдар қолданылады.

Бұқаралық аудиторияға үн қатуы, алдына танымдық-тәрбиелік мақсаттар қойып, бір мезетте жедел таралуы, белгілі мерзімде шығып тұруы арқылы журналистика қоғамда аса маңызды рөл атқарады. Оны төртінші билік (атқарушы, заң шығарушы және сот билігінен кейінгі) деп бекер айтып жүрген жоқ. Себебі журналистика өз жарияланымдары арқылы өзге әлеуметтік институттарға ғана емес, сондай-ақ электораттың көңіл-күйіне де әсер ете алады, сөйтіп, биліктің алғашқы екі тармағының сайланбалы органдарының құрамын жасақтауға ықпал жасайды.

1.3 Әлемдік ақпараттық ресурстардың ұйымдастырылған құрылымы

Ең алдымен, үшінші мыңжылдықтың әлемдік бірлестігі адамдардың әлеуметтік-кәсіби топтармен, бірлестіктерінің жеке мамандардың арасындағы глобалді масштабтың қолдану-ақпараттық ресурстарында және жедел коммуникацияның жүзеге асырылуындағы қажетті бағдарланған зияткерлік еңбегінің маңыздылығы қоғамдық ұйымдармен, мемлекеттермен бейнеленеді. Мәліметтің рөлі коммуникациялармен, қоғам дамуында әрдайым түбегейлі, мүлтіксіз информациялық-

телекоммуникациялық технологиялар саласында компьютерлерді топтастыруға мүмкіндік береді. Әлемдік ақпараттық ресурстар біртұтас әлемдік ақпараттық кеңістіктің қоғамдық нәтижесіне байланысты болады. Әлемдік ақпараттық кеңістіктің электрондық бөлігінің ең маңызды элементтері интернет, электрондық кітапханалар, кәсіби база, іскер қорлар. Ақпараттық өнім рөлінің өсуі бұл ақпараттық қоғамның даму беталысы, мәлімет көлемдері, мәліметтің қабылдауының әртүрлі формаларындағы қажеттігі, сонымен бірге өзектілік пен мәлімет дәлдігіндегі, өңдеудегі қажеттік өсе беретінін анықтайды. Қазіргі маман білуі керек:

- нақты есептің шешімі үшін ақпараттық қажеттілікті анықтауды;
- қазіргі заң шығару және әдеп нормаларының есепке алынатын ақпараттық қорларын қолдануды;
- ақпараттық қорларға рұқсат алуды;
- мәліметтің кәсіби бағасын беруді;
- табылған мәліметті әлемдік ресурстардың басқа, кәсіби есептердің шешімінде қолдануды.

Ақпараттық қоғамда ақпараттық ресурстарға білдіреді және ресурстармен салыстырғанда дәстүрлі түрлері мен олардың маңыздыларының асты сызылады. Ақпараттық ресурстарға қарамастан әрдайым оларды басқа, экономикалық дәрежеде (индустриалды қоғам) қарастырмады. Тұңғыш рет ақпараттық ресурстар ұғымының айқын анықталуы ақпараттық мәлімет, информатизация және қорғалуы оның Федералды заңына сипаттар береді. Заң келесі анықтауларға тура келеді: ақпараттық ресурстар – кітапханалар, мұрағаттар, қорлар, деректер қоры, басқа ақпараттық жүйелер ақпараттық жүйелердегі жеке құжаттар және жеке талаптар. Ақпараттық ресурстар әдетте электронды құжат болып реттеледі. Стандарттар меншікті шығаратын кәсіби біріктіру, электртехника және электроника бойынша инженерлер институты [Institute of Electrical and Electronics Engineers] IEEE; мүшелермен IEEE ANSI және ISO) 1963 жылы АҚШ-тағы есептеуші техника және байланыс үшін стандарттар орнатуға негізделген ұйым болып табылады. Ақпараттық ресурстар ұғымын «Білім беретін объект» (learning object) ұғымымен алмастырған – білім беру мақсатында қолданыла алатын цифрланған немесе цифрланбаған мән. Қорыта келгенде кез келген түрлер және формалар, ақпараттық мәндер, заттық объектілер, кадрлық

ресурстар және білім саласына жататын оқиғалардың жүйеленуі үшін біртұтас үлгі жүргізіледі. Сәйкесінше Learning Object Metadata standardке. – New York: IEEE, 2002 аталған көздер, ақпараттық қорлар сәйкес. Ақпараттық ресурстардың сандық және сапалы бағасының нақты әдістемелігі, сонымен бірге оларда қоғам қажеттіктерінің болжауы дәл қазір жасалмаған. Егер ақпараттық ресурстар, өлке, ұйым туралы сөз болса, онда олар стратегиялық ресурстар сияқты қаралуы керек, шикізат ресурстары, ресурстарға алынатын энергиялардың маңыздылығы бойынша ұқсас. Егер ақпараттық ресурстар әр мемлекеттің ақпараттық ресурстарының жиынтықтары сияқты қаралса, онда мұндай ақпараттық ресурстар әлемдік ақпараттық ресурстар деп қабылдалған. Нақтылы түрлерді әлемдік ақпараттық ресурстар, тіпті күрделі бөлу, бөліктеу түріне өткізуге болатын бірнеше белгілерге ерекшелеуге болады:

Бірінші белгі – ұсыныс формасы бойынша, яғни мәлімет жазып қойып немесе мәтіндік форма, график түріндегі мультимедиа, т.б. бойынша бөліктеу өте оңай. Екінші белгі – рұқсаттың шектеуі немесе қорғау бойынша, ақпараттық ресурстардың үш түрін ерекшелеуге болады:

1. Хабар-ошар мемлекеттік құпия құрайтын;
2. Дербес мәліметтер;
3. Хабар-ошар коммерциялық құпия құрайтын.

Жоғарыда аталған топтардың біріне құжатты заңға арқа сүйеу үшін іс жүзінде бірдей белгілер барлық елдерде қабылданған.

Үшінші белгі – тақырып бойынша бөлу немесе ақпараттық қорларды бірден бірнеше түрлерге жатқызуға болады. Мысалы, түрлердің саны орасан зор: статистикалық ресурстар, білім беретін ресурстар және келесі негіздері бойынша өткізетін ақпараттық білім беретін ресурстардың классификациялары. Мақсаттық тағайындау бойынша, білім деңгейлері бойынша, мақсаттық дәрісхана бойынша, ақпараттық ресурстар бойынша пәндік классификация.

Оқу барысына ақпараттық технологиялар және әлемдік ақпараттық қорлар дәрежесін үш деңгейде шартты бөлуге болады:

Бірінші деңгей – жаңа сапалық деңгейдегі дәстүрлі білім беретін есептердің шешімі үшін оқу мәліметінің ұсыныстары және әлемдік ақпараттық ресурстардың қолданылуы. Мысалы, дәстүрлі дәрістер мен семинарлар өткізу, электронды оқу құралдары

мен практикумдар жасау үшін жаңа технологияларды қолданып жұмыс істеу.

Екінші деңгей – білім беретін (дистанциялық немесе ғаламдық желідегі ашық үйренетін технология) процесс қатысушыларының өзара әрекеттесуінен оқу құралдары қолданылып іске асуы. Осы деңгейде конференцияның телеконференциясы, форумдары, электронды оқу-әдістемелік материалдары қолданылады.

Үшінші деңгей – принципті жаңа есептердің шешімі. Интеграцияланған білім беретін орталарда қолданылатын технологиялар ғана емес, ақпараттық қорлар да бар. Информатиканың қазіргі құралдары мен ақпараттық қорлардың тіркесі жаңа ұрпақтың интернет ресурстары базасында оқу-әдістемелік кешендерін құруға мүмкіндік береді. Ақпараттық технологиялардың осы деңгейіндегі оқу барысын әлемдік ақпараттық ресурстарға қолданылады.

Қорытынды шығара келе әлемдік ақпараттық ресурстар білім саласындағы қызмет сапасын жоғарылатуға мүмкіндік туғызады, білім беру процесіне қазіргі компьютер және телекоммуникациялық технологиялардың оқыту әдістерін талап етеді.

1.4 Әлемдік ақпарат нарығының даму кезендері

Жалпы әлемдік масштабта білім беру жүйесінің ақпараттық коммуникациялық инфрақұрылымын құруға және қолдауға, аппараттық-бағдарламалық қамтамасыз етуге, цифрлық білім беру ресурстарын құруға және техникалық педагогикалық қолдауға кететін шығындарды ұлғайтуға деген тенденция қалыптасты. Мысалы, Жапонияда АКТ шығыны \$9 млрд. құраса, АҚШта – \$6 млрд., Ұлыбританияда – \$3,5 млрд; Ресейде «Ортақ білім берудің ақпараттық ортасын дамыту» мақсатты бағдарламасының құны \$2 млрд. жуық болды. Қазақстанда 2007 жылы АКТ-ға \$83 млн. (10 млрд. теңге) бөлінді. Қарағанды облысында жергілікті бюджеттен ақпараттық жүйені құруға 2007 жылы 590 мың теңге бөлінген; 2008 жылы – 4631 мың теңге; 2009 жылы 2379 мың теңге; ақпараттандыруға 2006 жылы – 2657 мың теңге; 2007 жылы – 3318 мың теңге; 2008 жылы – 2980 мың теңге; 2009 жылы – 2549 мың теңге; ақпараттық технологияларды енгізуге 2007 жылы – 82983 мың теңге; 2008 жылы – 590425 мың теңге; 2009

жылы 46488 мың теңге, аймақтың ақпараттық білім беру ортасын дамытуға қаржы бөлінуіне оң тенденция қалыптасқандығын айғақтайды.

Бүкіләлемдік экономикалық форум құрастырған желілік әлемге дайындық Индексіне (ДИ) сәйкес 2007 жылы Қазақстан 122 елдің ішінде 73-орынға ие болған (2005 жылы 60-орында болған). Сондай-ақ жоғары көрсеткіштерге ие болған елдер Эстония (20-шы), Литва (39-шы), Латвия (42-ші), Ресей (70-ші).

ДИ 67 параметр бойынша анықталған. Оның ішінде Қазақстан келесі позицияларда тұрды:

73-ші – АКТ-инфраструктурасы бойынша;

87-ші – интернет пайдаланушылар саны бойынша; 65-ші – адам капиталы бойынша (тұрғындардың білімділік деңгейі, АКТ саласындағы мамандар, АКТ пайдалану дағдылары, ақпараттылық және мотивация); 62-ші – бағдарламалық аппараттық қамтамасыз ету (компьютерлендіру); 75-ші – білім беруде АКТ пайдалану бойынша (оқу мекемелерінің АКТ-ға қол жетімділігі, оқу процесінде АКТ пайдалану).

Осы халықаралық фонда қазақстандық мектептердің жай-күйі қанағаттанарлықсыз болып бағаланады, өйткені білім беруді ақпараттандыру жүйесі өз дамуының бастапқы сатысында болып табылады, бұл бағдарламаны жүзеге асыру процесінде ақпараттандыру негізінсіз, мектептерді компьютерлендіру жүзеге асырылды.

Тәжірибе көрсеткендей, оқу процесінде пайдалануға арналған көптеген ақпараттық ресурстар төмен педагогикалық деңгейде. Орын алған жағдайдың басты себептерінің бірі болып негізінен, компьютерлік оқу бағдарламаларын құрастыру саласында психология, дидактика, нақтылы пәнді оқыту мазмұны мен әдістемесін білетін мамандардың қатысуынсыз құрастырылатындығы. Оқыту жұмысында үлкен еңбек өтілі бар педагогтар көбінесе АКТ-ны меңгермеген, ойлау консервативтілігіне байланысты оның оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық, сондай-ақ өзінің кәсіби күзінеттілігін дамытудағы маңыздылығын түсінбейді.

Көптеген мұғалімдер компьютерлік техниканы меңгеруде және оқытудағы ақпараттық ресурстарды пайдалану алдында едәуір психологиялық кедергі сезінеді. Кейде өз мүмкіндіктерін бағалай алмай бұндай білім беруді ақпараттандыру процесімен жалаң танысумен түсіндіріледі.

Талдау көрсеткендей, көбінесе АКТ-ны оқу процесіне енгізу мұғалімге белгілі мазмұн мен түсініктерді компьютерлік құралдар көмегімен оқушыларға жай ғана алмастыру ретінде қабылданады (мысалы, интерактивті тақта кәдімгі, бірақ жаңартылған тақта ретінде пайдаланылады). Айтары жоқ, бұндай тұрғыдан қарау оқушылардың көрнекі-бейнелік және теориялық, бейнелік ойлау мүмкіндіктерінің белсендірілмеген көптеген бөлігін пайдаланылмаған күйде қалдырады. Бұндай жағдайларда көп деңгейлі, ауқымында оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгере алатындай мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесін құру қажет.

«Ақпараттық білім беру ортасы» (АБО) термині білім беру және ақпараттық орта интеграциясының жаңа мәнін білдіреді, олай болса бұл идеяны жүзеге асыру бірқатар маңызды мәселелерді шешуді талап етеді. Жұмыстың жаңа формалары оқытушы мен оқушының жеке қарым-қатынастарының түрін өзгерту мен азайтылуын көздейді. Бұл мәселеге топтық оқыту механизмдерін ақпараттық құралдармен құру қажеттілігі жанасады. Сапалы электронды білім беру ресурстарын құру міндеттері, сондай-ақ оларды пайдалану технологиялары мен әдістемелері өзекті.

Білім беру сипатындағы мәселелерге ақпараттық-технологиялық мәселелер қосылады. Олар бірінші кезекте жаңа ақпараттық деңгейде виртуалды білім беру кеңістігін ұйымдастыруға байланысты. Бұл деңгейдегі басты міндет – білім беру ақпараттық ортасының тұтастығын қамтамасыз ету болып табылады. Білім берудің ортақтығын аймақта бүгінде «жоқ» реттейтін нормалар, стандарттар мен корпоративтік келісімдер жиі қамтамасыз етуді талап етеді.

Басты психологиялық қиындық ақпараттық білім беру кеңістігінің тұтастығына жекеленуден бас тарту, жалпы ойын ережелері қабылдаусыз қол жеткізу мүмкін емес. Тағы бір мәселе процестердің табиғи инерциялылығымен, ақпараттардың үлкен массивімен байланысты, білім беруді ақпараттандыру саласында бір кезде қабылданған шешімді ары қарайғы уақытта түзету өте қиын. Қате шешімдердің бағасы әсіресе жолдың ең басында өсе түседі.

Қойылған мәселенің жаһандылығы білім беру жүйесіне жаңа технологиялық кеңістікке біртіндеп және өте мұқият кіруді талап етеді. Табыс білім беру және ақпараттық технологиялар саласының

жоғары сыныпты мамандарының тығыз кооперациясы есебінен аймақтық ерекшеліктерді шартсыз есепке алу жағдайында қамтамасыз етіледі.

Білім беру қызметкерлерін ақпараттық білім беру кеңістігін құруға жаппай тартуда да қиындықтар бар. Тәжірибедегідей, білім беру мекемелерінің оқытушыларын өз ақпараттық ресурстарын құруға бағыттау – қандай күш талап етілетінін көрсетеді. Көптеген педагогтар өте консервативті (қандай да бір мөлшерде сол арқылы жүйенің тұрақтылығы қамтамасыз етіледі). Алайда, бұл сапа жаңа жұмыс әдістерін енгізуге байланысты қиындықтар туғызады. Педагогтардың АКТ құралдарын пайдалануға даярлығын қалыптастыру оқушыларды оқыту процесінде педагогтар консерватизмінен де үлкен тежегіш оқу мекемелерінің ұйымдастырушылық құрылымының инерттілігі болып табылады. Бұл тұжырымға дәлел ретінде оқытушылардың оқу процесін ақпараттандыру бойынша жұмыстарға уақытының, көмекші персоналдардың жетіспеуіне, мұғалімдердің жаңашылдық конструктивті іс-әрекетін мадақтаудың жеткіліксіздігіне әкелген мектеп әкімшілігінің іс-әрекеттеріне сілтеме жасау жеткілікті.

1.5 Әлемдік білім нарығы

Ашық білім берудегі ақпараттық білім беру ортасы көптеген өзара әрекет етуші компоненттерден тұрады. Бұл оқу процесінің автоматтану, қашықтан оқыту, ақпараттық-анықтамалық жүйесі. Білім беру ортасының мазмұндық негізі ретінде әртүрлі білім беру мекемелері ұсынатын электронды білім беру ресурстары мен қызметтері болады. «Ақпараттық білім беру ортасы» феноменіне әртүрлі теориялық және тәжірибелік көзқарастарды зерттеу көрсеткендей, білім беру ортасының әртүрлі концепциялары бар (Г.Ю.Беляев, А.И.Бондаревская, О.В.Гукаленко, С.Д.Дерябо, Э.Ф.Зеер, Г.А.Ковалев, И.В.Крупина, С.Л.Новоселова, В.И.Панов, И.Г.Пчелинцева, В.В.Рубцов, В.И.Слободчиков, В.А.Ясвин және т.б.), сондай-ақ ақпараттық білім беру «ақпараттық орта» және «білім беру ортасы» терминдерін де қарастыру керек.

СИ.Ожегов сөздігінде орта дегеніміз қоршаған әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар, сондай-ақ осы жағдайлардың ортақтығы байланыстырған адамдар жиыны.

Философиялық сөздікте әлеуметтік орта дегеніміз *адамды*

қоршаған, оның өмір сүруіне, қалыптасуына және іс-әрекетіне қажетті қоғамдық, материалдық және рухани жағдайлар. Олай болса, кең мағынасында орта дегеніміз (макроорта) қоғамдық-экономикалық жүйені толығымен қамтиды – қалай болғанда да тұлғаның қалыптасуы мен дамуына әсер ететін өндірістік күштер, қоғамдық қатынастар және институттар, қоғамдық сана және мәдениет. Орта өзінің тар мағынасында (микроорта) адамның тікелей қоршаған ортасы – отбасы, еңбек, оқу және т.б. ұжымдар мен топтар.

Білім беру ортасы – неғұрлым тар түсінік. Білім беру ортасы деп көбінесе нақтылы білім беру мекемесінің қызмет етуін түсінеміз (В.А.Козырев, И.К.Шалаев, А.А.Веряев және т.б.). Білім беру ортасы туралы әртүрлі көзқарастарды талдау көрсеткендей, зерттеушілер нақтылы білім беру мекемесінің материалдық факторларының, кеңістіктік-заттық факторларының, тұлғааралық қатынастарының жиынтығын құрайды. Барлық аталған факторлар бір бірлерімен тығыз байланысты, олар бір жағынан бір бірін толықтырып, байытып, біріне-бірі білім беру ортасы субъектісіне әсер етіп тұрса, екінші жағынан субъектілер білім беру ортасын ұйымдастырып, құрып, оған ықпал етіп тұрады.

Білім беру ортасын, оның басты типтерін модельдеу негізінде жобалауға деген ерекше көзқарасты В.А.Ясвин ұсынады.

Білім беру ортасын В.А.Ясвин берілген үлгі бойынша тұлғаның қалыптасуының әсерлері мен жағдайлары ретінде анықтайды, сондай-ақ қоршаған ортасында оның дамуына әлеуметтік және кеңістіктік-заттық мүмкіндіктер, сонымен бірге ол білім беру ортасын, Я.Корчактың «Баланы қалай жақсы көру керек» деген кітабында шығарған типологиясын пайдаланады. Поляк педагогі «тәрбиелеуші ортаның» төрт типін бөліп көрсеткен: «догмалық», «идеялық», «алаңсыз тұтыну», «сыртқы жылтырлық және мансап».

Догмалық орта дәстүрмен, беделмен, тәртіппен, арлылықпен, байсалдылықпен, рухани тепе-теңдікпен, тұрақтылық сезімімен, өзінің дұрыстығына сенімділігімен, өзін-өзі шектеуімен, өзін-өзі анықтауымен, жоғары адамгершілігімен, енжарлыққа дейін жеткізетін дұрыс ойлауымен сипатталады. Бұндай ортада тәрбиеленген субъект тәуелді (басшыға, педагогқа, ата-анасына) әрі енжар.

Идеялық орта еркін ұшумен, шабытпен, рух еркіндігімен, шығармашылықпен, энтузиазммен, мәселелілікпен; мейірімді ерікпен, моральдық эстетизммен, шыдамдылықпен, болашаққа көзқарасымен, нәзіктігімен және тұрақсыздығымен сипатталады. Бұндай ортада тәрбиеленген субъект белсенді және өз әрекеттері мен қылықтарын таңдауда еркін, оларына өзі жауапкершілік танытады.

Алаңсыз тұтыну ортасы рух тыныштығымен, уайымсыздықпен, сезімталдықпен; ашықтықпен, мейірімділікпен, ішкі игілікпен, жалқаулықпен, әдеттерінің консервативтілігімен сипатталады. Бұндай ортада тәрбиеленген және дамыған субъект өзінде барына риза, ширеу мен күреске қабілетсіз, еркін, бірақ енжар.

Сыртқы жылтырлық және мансап ортасы суық есепке тартылу, өзгелердің құндылықтарын жасанды эксплуатациялау, догмалық ұрандармен, өзін-өзі епті жарнамалаумен, тойымсыз даңққұмарлықпен, тәкаппарлықпен, наразылықпен, көре алмаушылықпен, зұлымдықпен, этикетпен сипатталады. Субъект бұндай ортада өтірік айта бастайды, екі жүзділенеді және қуланады, алайда белсенді, бірақ тәуелді.

Білім беру ортасын векторлық модельдеу әдістемесін пайдалана отырып, В.А.Ясвин екі осьтен тұратын координаттар жүйесін жобалайды: «еркіндік – тәуелділік» осі және «белсенділік – енжарлық» осі. Бұл координат жүйесінде білім беру ортасының белгілі бір типіне сәйкес вектор құру алты диагностикалық сұрақтарға жауап беру нәтижесінде жүзеге асырылады.

«Еркіндік – тәуелділік» осі үшін: 1) Нақтылы білім беру ортасында бірінші орынға қандай қызығушылықтар мен құндылықтар қойылады (тұлғалық немесе қоғамдық)? 2) Өзара әрекет процесінде кім кімге икемделеді (педагог балаға ма әлде бала тәрбиешіге ме)? 3) Қандай тәрбие формасы нақтылы білім беру ортасында басым түрде жүзеге асырылады (жеке әлде жұымдық)?

«Белсенділік – енжарлық» осі үшін: 4) Нақты білім беру ортасында баланы жазалау тәжірибесі бар ма? 5) Нақтылы білім беру ортасында баланың бастамасы ынталандырыла ма? 6) Нақтылы білім беру ортасында баланың қандай да бір шығармашылық бастамалары оң бағаға ие бола ма?

Әртүрлі тарихи-педагогикалық тәжірибелерді талдау

негізінде В.А.Ясвин ұлы педагогтардың педагогикалық жүйелерінің жобаларымен координаттар жүйесін салыстырды. Нәтиже мынаны көрсетті:

- Я.А.Коменскийдің педагогикалық жүйесі догмалық білім беру ортасының енжар тәуелді үлгісін береді;
- Ж.Ж.Руссоның педагогикалық жүйесі алаңсыз білім беру ортасының еркін енжар үлгісін береді;
- И.Г.Песталоццидің педагогикалық жүйесі алаңсыз білім беру ортасының еркін енжар үлгісін береді;
- Д.Локктың педагогикалық жүйесі мансаптық білім беру ортасының белсенді тәуелді үлгісін береді;
- А.С.Макаренконың педагогикалық жүйесі мансаптық білім беру ортасының белсенді тәуелді үлгісін береді;
- Я.Корчак пен М.Монтессоридің педагогикалық жүйелері шығармашылық білім беру ортасының еркін белсенді үлгісін береді.

1.6 Интернет ресурстары

Интернет, әдетте оны жаһанды компьютерлік желі деп те атайды. Интернетті қолданушының тілімен айтқанда ақпарат алмасудың жаһанды жүйесі деп те қарауға болады. Қазіргі уақытта Интернет қуатты дамып келе жатқан және перспективалы ақпарат алмасудың құралы болып отыр. Интернеттің перспективалы сервистері сервис деп аталады. Интернеттің кең тараған және перспективті сервистерінің бірі Word Wide Web – WWW- интернет түйіндерінде орналастырылған гиперсілтемелермен байланысты, өзімен бірге ұсынатын мәтіндік және график түрінде құжаттардың жүйесін ұсынады. 2002 жылы Интернеттегі веб-сайт көлемі 4 миллиардқа бағаланды. Интернеттегі классификацияланған негіздерге әртүрлі мәліметтер жатады. Ұсыну әдістері бойынша келесі түрлерді ерекше атауға болады:

Web-беттер – кең таралған және кең қолданылатын ақпараттық ресурстар. Бұл ресурстар гипермәтін беттерін ұсынады. Беттер мәтіндік, график, дыбыстық, мәліметті, бейне (видео) түрінде бола алады.

Файлдық серверлер мәліметтерді ұсынудың дәстүрлі әдісімен іске асырады.

Телеконференциялар маңызды мәліметтер болып саналады.

Телеконференциялар бойынша (айдар) топтарда тақырыпқа байланысты бөлінеді. Телеконференция қатысушылары хабарламаларын өзі жібере алады немесе бөгде қатынасқа жіберуге болады.

Деректер қорын интернет желісі арқылы алуға болады. Олардың мазмұны мәтіндік, сонымен бірге мәліметтің басқа түрлері де бола алады. Ақпараттық ресурстар тілдік белгілері бойынша бөлінеді. Негізгі тілдер түгелдей дерлік интернет желісінде бар, көбінесе негізгі тіл ағылшын тілі болып табылады. Көптеген сайттардың қатары мәліметтерді бірнеше тілде ұсынады. Желілерде сайттар аймақтық белгілері және классификациясы бойынша орын алады. Кейбір сайттардың қатары нақтылы өлкенің тұтынушылары үшін өз мәліметін ұсынады. Ақпарат мазмұны ақпараттық қорлардың классификациялары үшін өте маңызды нәрсе болып табылады. Кәсіпкерлер үшін қажетті іскерлік ақпараттар, бұл белгі бойынша келесі топтарға бөліне алады:

1. Фирмалар, ұйымдар туралы хабарлар. Мәліметтердің бұл топтары әртүрлі ұйымдар үшін толтырылуларымен айтарлықтай ерекшеленеді. Бұлардың айырмашылықтары интернет мүмкіндіктерін тиімді қолдану арқылы өнімдер немесе ұйым қызметтерінің алға басуына алып келеді. Осы топтың серверлері:

- Интернеттегі қатынасу серверлері. Бұл серверлер жарнамалық серверлерге бөлінеді және дерек беретін серверлер болып табылады. Жарнамалық серверде әдетте бір немесе бірнеше беттер болады. Дерек беретін серверлерде фирма туралы, оның шығаратын өнімдері туралы қызметтерге байланысты толық мәліметтер болады.

- Ақпараттық серверлер. Бұл серверлердің мақсаты әртүрлі. Осы топтың серверлері тағы басқа құрылымды ақпараттық-аналитикалық агенттіктер, мемлекеттік ұсыныспен байланысты тұтынушының мәліметтері сияқты болып бөлінеді. Әлемдік ақпараттық ресурстар және білім қорлары, бұл топтың серверлері интернет арқылы тауар сатылымын қамтамасыз етеді. Сонымен бірге келесі функциялар электронды түрде іске асырылады:

- қажетті тауар туралы мәліметті клиентке беру;
- тапсырыстың ресімделуі; тапсырыстың төленуі;
- егер тауар мәлімет болып табылса алған тауардың жіберілуі.

2. Әлемдік экономика және жеке елдер экономикасының күйі туралы хабарлар. Осы мәлімет кәсіби базалардағы кең

ақпараттық-аналитикалық жеткілікті әлем агенттіктері. Бұл агенттіктердің сайттары интернеттің ақпараттық ресурстар құрамына кіреді. Әдеттегідей мәлімет ұлттық экономиканың күйі туралы мәлімет сәйкес келетін мемлекеттік құрылымдардың серверлерінде орналасады, экономиканың мемлекеттік қолдауына, мемлекеттік статистикалық органдар, әртүрлі экономикалық институттар жатады.

3. Салалық нарықтар туралы хабарлар. Салалық нарықтарды талдау мамандандырылған маркетинг және консалтинг агенттіктері сонымен бірге, фирмалар немесе ұйымдардың маркетинг қызметтерін жүзеге асырады. Бұл зерттеулердің нәтижелері:

– базаларына рұқсат технологиялары туралы хабарлар осыған ең ірі әлемдік ақпарат агенттіктерінің кәсіби базаларында, интернет сайттарында болады;

– көп салалы және салалық журналдар.

4. Іскер жаңалықтар. Мәліметтің әлемдік нарықтағы күйі. Әлемдік ақпарат агенттіктерінің көпшілігі іскер жаңалық болатын кәсіби базаларға рұқсат тұтынушыларға ілігеді. Интернеттегі мәлімет саудасының көлемін 2005 жылы АҚШ-та 140 миллиард доллар құрады. Іскер жаңалықтардың шетел агенттіктерінен ең ірі жабдықтаушылары LexisNexister, «Dialog, Reuters. Отандық агенттіктердің арасында ерекше атап көрсететін:

Интегрум – техникалық, 250 орталық және ең ірі аймақтық газеттерге материалдарға көрсететін рұқсат, сонымен бірге шетел жаңалықтарына байланысты болады.

Жаңалықтар – Ресей федерациясының мемлекеттік информациялық-аналитикалық агенттігі.

«Итар - ТАСС - Ақпараттық телеграфты агенттік

Құрамға кіретін халықаралық интерфакс агенттігі, ақпараттық топ Interfax Information Services. Интернет күн сайынғы тегін рұқсатқа ілігеді. Мысалы, «Коммерсантъ» баспа үйі шығарылымдарының ақылы электронды болжамдарына. Gazeta.ru электронды интернет-газет. Ең ірі газеттердің қатары Интернеттің электронды болжамы болады. Мысалы, дәлелдер мен айғақтар.

5. Анықтама мәліметі. Интернетте анықтама мәліметі кең қолданылған, бұл Web-тің тізімдері бойынша нақтылы тартып алған серіктестіктердің сайттары фирманың атауы және түр бойынша ақпаратты іздестірудің мүмкіндігі бар беттері қағидаға сәйкес келеді.

I ТАРАУҒА БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Әлемдік ақпараттық білім беру кеңістігі дегеніміз не?
2. Қазақстан Республикасының жаңа ғасырдағы әлеуметтік-экономикалық дамуы
3. Әлеуметтік ақпараттар қандай?
4. Қазіргі ақпараттық техника мен технологияның сипаты

2-ТАРАУ. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР: АНЫҚТАМАСЫ, ЖІКТЕЛУІ, ДАМУЫ

2.1 Ақпараттық ресурстарға сипаттама

Ақпараттық қоғамда ресурстардың дәстүрлі түрлеріне емес (материалдық, табиғи, еңбек, қаржылық, энергетикалық және т.б.), бірінші мәнге ие бола бастаған ақпараттық ресурстарға үлкен көңіл аударылып келеді.

«Ақпараттық ресурс» терминінің енгізілуі біраз пікірталас туындатты.

Ақпараттық ресурстар – бұл білімнің әртүрлі саласында және практикалық іс-әрекетте сенімді ақпарат алу үшін ұйымдастырылған мәліметтер жиынтығы. Ақпараттық ресурстарды ақпараттық жүйелердегі жеке құжаттар мен құжаттардың жекеленген жиынтықтары ретінде түсіндіреді.

Ақпараттар белгілі бір нәрсенің қайнар көздері немесе қорлары ретінде анықталады.

Қазір ақпараттың көлемі көшкін тәрізді артып келеді. Олардың арасынан талап етілген сұранысты таңдау қиынға соғуда. Пертинентті және релевантты ақпараттар деп бөлуге болады. XX ғасырдың соңында «ақпараттық ресурстар» ұғымы пайда болды.

Қазіргі кезде «ақпараттық ресурстар» ұғымы көпжоспарлы, өзінің құрамына дәстүрлі және дәстүрлі емес тасуыштардағы құжаттардың алуан түрлерін қамтиды. Ақпараттық ресурстар жиналатын ақпараттың жіктелуі бойынша ажыратылады.

«Ақпараттық ресурстар» термині XX ғасырдың 70-жылдары есептеу техникасы мен автоматтандырылған ақпараттық жүйелерге арналған еңбектерде пайда болды. 80-жылдары бұл термин кең тарады. Ақпараттық ресурстарды экономикалық ресурстарға оның құрамдасының төрттен бірі ретінде жатқызады (еңбек,

материалды және қаржылық ресурстарға қосымша ретінде).

Жалпы жағдайда ақпараттық ресурстар деп ғылымның, адамның практикалық іс-әрекетінің дамуы үдерісінде, қоғамдық өндірісте және басқаруда көп мақсатты тұрғыда қолдану үшін алынатын және жинақталатын мәліметтердің барлық жиынтығы аталады. Ақпараттық ресурстар ғылыми зерттеулердің және алуан түрлі құжаттар мен ұғымдарда пайымдауларда мақсатты бағытталған іс-әрекеттің басқа түрлерінің нәтижесінде тіркелген табиғи процестер мен құбылыстарды көрсетеді (ҒЗЖ туралы есептер, патенттен, мәліметтер ауқымы, т.б.).

«Ақпараттық ресурстар» ұғымының тар және кең мағынасы бар: бірінші жағдайда тек байланыстың компьютерлік құралдары арқылы қолжетімді желілік ақпараттық ресурстарды атауға болады, ал кең мағынасында – сақтау мен тарату үшін жарамды, дәстүрлі және электронды тасуыштарда тіркелген кез келген ақпаратты атайды.

Ақпараттық ресурстардың құрамы ҚР-ның «Ақпарат, ақпараттандыру және ақпаратты қорғау» туралы заңында көрсетілген: «Ақпараттық ресурстар – жекеленген құжаттар және құжаттардың жекеленген ауқымы, ақпараттық жүйелердегі құжаттар және құжаттар ауқымы (кітапханалар, мұрағаттар, қорлар, мәліметтер базасы және басқа ақпараттық жүйелер)».

Қазіргі кезде ақпараттық ресурстар көптеген параметрлермен сипатталатын күрделі және алуан бейнелі объект болып саналады, олардың арасында аса маңызды болып саналатындар:

ақпараттың мазмұны (тақырыпнамасы);

ақпаратқа деген меншік формасы: қоғамдық байлық, мемлекеттік меншік, қоғамдық ұйымдардың меншігі, заңды тұлғаның меншігі;

жеке тұлғаның меншігі;

ақпараттың қолжетімділігі: ашық, жабық, құпия, конфиденциалды, коммерциялық құпия, қызметтік құпия, кәсіби құпия;

ақпаратты ұсыну формасы: мәтіндік құжаттар – алғашқы, екінші, шолулар; құрылымданған мәліметтер – мәліметтер базасы, мәліметтер банкі, ұсыну тілі.

Ақпараттық ресурстардың құрамын аса жіті түрде төмендегідей сипаттауға болады:

– бұрын құрылған және қазіргі кезде құрылатын, жарияланған

және жарияланбаған алғашқы құжаттар кез келген тасуыштарда болады (кітаптар, мерзімдік басылымдар, ноталық және бейнелеу баспалары, диссертациялар және т.б.);

- мәліметтердің толық мәтіндік базалары;

- кітапханаларда, ақпарат орталықтарында, мұрағаттарда және басқа мекемелерде жиналатын жарияланған және жарияланбаған алғашқы құжаттардың қорлары;

- бұрын құрылған және қазір құрылатын библиографиялық өнім;

- кітапханалардың, ақпараттық орталықтар мен мұрағаттардың, каталогтар мен библиографиялық картотеканың анықтамалық-библиографиялық аппараты (АБА);

- мәліметтердің фактографиялық базалары;

- шолушы-аналитикалық өнім (аналитикалық шолу, болжау, дайджест және т.б.);

- ақпараттық нарықта ұсынылатын қызметтер;

- байланыстық компьютерлік желілер;

- ақпараттық жүйелерді құруды және телекоммуникациялық желілерді дамытуды қамтамасыз ететін программалық құралдар;

- ақпараттық өнімді құруды, ақпараттық ресурстарды жинау және қолдануды қамтамасыз ететін мекемелер (редакциялар, баспалар, ақпараттық орталықтар, кітапханалар, кітап сататын мекемелер, т.б.).

Ресурстарды қалыптастыру мен қолданудың ауқымына байланысты, жиынтықты әлемдік, ұлттық, аймақтық және локальды ресурстар (жеке мекемелердің ресурстары) деп ажыратуға болады.

Ақпараттық ресурстардың бірқатар спецификалық ерекшеліктері болады:

- ақпараттық ресурстарды көпреттік және көпмақсатты қолдану, алмастыру немесе сату мүмкіндіктерін қамтамасыз етудің жұмсалмауы мен шексіздігі;

- ағындар көлемінің үздіксіз өсуі;

- қоғамның ақпараттық қажеттіліктерінің өзгеруіне реакция ретіндегі ақпараттық ресурстар құрамының өзгермелілігі және осымен негізделген ақпараттық нарықта ұсынылатын өнімдер мен қызметтің динамизмі;

- ақпараттың ескіруінің әртүрлі жылдамдығынан ресурстардың белсенді және енжар бөліктерін айқындаудың

күрделілігі; ақпаратты құру уақыты мен оның пайдалылығы (құндылығы) арасындағы тікелей тәуелділіктің болмауы, себебі ақпаратты уақыт емес, оны бұрынғы білімді теріске шығаратын жаңа білімнің пайда болуы ескіртеді;

– қоғамның ақпараттық жиынтықты ресурстарын құрайтын элементтердің ажырамас бірлігі, сондықтан олардың белгілі бір бөлігін қолдану мүмкін емес немесе дұрыс емес (тек бір аймақтың, бір елдің және т.б.).

Қазіргі кезде Қазақстан құрамы және сандық қатынасы бойынша жеткілікті шамадағы ақпараттық ресурстарға ие болып отыр. Сонымен қатар, Ресейлік ғылыми-техникалық әдебиетке деген шетелдік ақпараттық және кітапханалық қызметтер тарапынан қызығушылығы артуда. Ғылыми ақпарат Институты (АҚШ) жүргізген зерттеулер нәтижесінде (2001ж.), Қазақстанның әлемдік ақпараттық ағындағы үлесі анықталды, ол 3,67% құрады (124557 мақала). Қазақстанның әлемдік кеңістіктегі үлесінен асып түсетін білім саласының тізімі келесідей:

Физика – 9,71%;

Жер туралы ғылымдар – 7,43%;

Ғарыштық зерттеулер – 7,19%;

Химия – 6,78%;

Материалтану – 4,29%;

Математика – 3,83%;

Техника – 3,70%.

Қазақстанның әлемдік кеңістіктегі орташа үлесінен біршама төмен үлесі анықталған білім салалары – молекулярлы биология – 2,63%, биология және биохимия (1,93%), есептеу техникасы – 1,05%, т.б.

Ғылыми және техникалық ақпарат саласындағы ақпараттық ресурстардың негізін баспа басылымдары мен құжаттар құрайды. Электронды формадағы алғашқы қайнар көздердің саны артуда. Нәтижесінде барлық ақпараттық ауқым келесі негізгі топтағы түрде ұсынылуы мүмкін:

дәстүрлі (баспа) басылымдары: алғашқы отандық және шетелдік басылымдар – журналдар, кітаптар, ғылыми жұмыстар, стандарттар, диссертациялар, НИОКР туралы есептер, патенттік құжаттар; екінші басылымдар: реферативті журналдар, сигналды ақпарат, экспресс-ақпарат;

электронды басылымдар: алғашқы отандық және шетелдік басылымдар – кітаптар, журналдар; екінші басылымдар: реферативті журналдар, сигналды ақпарат, экспресс-ақпарат;

Қазақстанда басым орын алатын және шетелден алынатын мәліметтер базалары мен банктері.

Бұл формалар бір-бірін жиі қайталайды және толықтырады.

Электронды тасуыштарға ауыстырылған ақпараттық ресурстар, соңғы кезде ел дамуының стратегиялық факторы болып келеді, аталған елдердің экономикалық және әлеуметтік әлауқаты, жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың деңгейімен тікелей анықталады. Дәстүрлі (баспа) түрде ұсынылған құжаттар электронды формаға ауыстырылады.

Электронды басылым (ЭБ) – электронды формада көрсетілген ақпараттан тұратын және ұзақ уақыт сақтауға, бірнеше рет қолдануға арналған дербес аяқталған өнім.

Дербестік осы өнім телекоммуникациялық желілер арқылы қолжетімді болатын жағдайда, тұтынушы алғаннан кейін, дайындаушыға тәуелсіз қолдану мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі.

Өнімнің аяқталғандығы ондағы қамтылған ақпараттың белгілі бір уақыт аралығындағы өзгермеуін, қажетті идентификацияның болуын, сонымен бірге авторлардың, ізденушілердің, баспагерлердің және басқа адамдардың жауапкершіліктері мен құқықтарын білдіреді.

Ақпаратты ұсынуудың электронды формасы – ақпаратты сақтауға, өңдеуге, таратуға және қолданушыға есептеу техникасының құралдары арқылы ұсынуға болатын ақпаратты тіркеу тәсілі.

Көшірменің түпнұсқаға сәйкестігі, нақты қолданушы үшін құрылатын ақпараттық өнім электронды басылым деп аталмайтынын білдіреді, бұл жағдайда әңгіме қызмет туралы болып отыр.

ЭБ-ның негізгі түрлері:

баспа өнімдерінің, атап айтсақ, кітап және журналдардың электронды мәтіндік эквиваленттері;

баспа өнімдерінің электронды үлгілері, мұнда соңғылардың (беттер) элементтері біртұтас графикалық үлгілер ретінде ұсынылған, ЭБ-ның осы түріне қолжазба материалдарының үлгілері жатады (факсимиле);

ЭБ ұсынылатын талаптарға жауап беретін мәліметтер

базасы, мысалы, библиографиялық, адрестік, статистикалық, лингвистикалық және мәліметтердің толық мәтіндік базалары жатады;

баспа аналогтары жоқ басылымдардың жаңа формалары: электронды конференциялардың материалдары және қолданушыға телекоммуникациялық желілер арқылы қолжетімді басқа электронды хабарламалар;

- аудио және бейнеақпараттың электронды басылымдары;
- мультимедиялық өнімдер;
- программалық өнімдер;
- электронды ойындар.

Электронды басылымдардың саны жыл сайын өсуде. Дүниежүзінің жетекші баспалары («Elsevier», «Wiley», «Academic press», «Kluwer», «Springer») өз басылымдарын электронды түрде шығарып, олардың санын бірте-бірте арттырып келеді. 1998 жылдың соңынан бастап «Elsevier» баспасы барлық журналдарын, 1200-ге жуық атауларын электронды түрде шығарады.

Электронды және баспа өнімдерін таратудың механизмі шамамен бірдей. Бірқатар баспалар кітапханалармен тікелей байланыста болғанды қолдайды, олардың арасында «Academic press», «Elsevier». Басқалары – электронды өнімдерді делдалдарға тарату құқығын ұсынады. Атап айтсақ, жазылу агенттіктеріне. Мұндай делдалдар ретінде «Swets», «EBSCO» агенттіктері алынады. Мысалы, «EBSCO» арсеналында ғылыми журналдардың 3500-ге жуық электронды нұсқалары бар, олар баспалармен келісім-шарт бойынша қолдануға тек «EBSCO» ұсынады.

Қазақстанда журналдардың көпшілік бөлігінің өзіндік Интернет-беттері бар, көптеген журналдар электронды мұрағаттарды тегін ұсынады. «Ғылым ордасының» баспасы журналдарға қолжетімділікті ғылыми электронды кітапхана eLIBRARY сайтында, «Ғылым ордасы» (www.elibrary.kz) жобасында ұсынады. Ғылыми және инновациялық қызмет бойынша «ғылыми журналдардың сайттарына сілтеме беріледі, сонымен бірге зерттеу жұмысына жататын, МБ-мен байланысты көптеген пайдалы ақпаратты табуға болады.

Алғашқы жиналатын ақпараттарға, яғни оның қайнар көзінің спецификасын, құрылу саласын, туындауын көрсететін ақпаратқа, табиғи жағдайларда өз бетімен құрылатын ақпарат жатады (мысалы, ағаш кесілгенде арасында көрінетін сақиналар

саны оның жасын білдіреді). Әртүрлі әлеуметтік үдерістердің сандық және сапалық сипаттамалары туралы ақпарат, «алып тасталатын ақпарат» класын құрайды. Осы белгілері бойынша айқындалатын ақпараттық ресурстарды табиғи, өндірістік, әлеуметтік-экономикалық ақпараттар деп жіктеуге болады. Мысалы, халықтың өсуі туралы ақпарат.

Ақпараттық ресурстардың басқа жіктелімі, ғылыми-зерттеу, сонымен бірге кез келген шығармашылық жұмыс барысында жасанды жолмен алынатын мәліметтерді құрайды. Олар арнайы параметрлері мен модельдері (математикалық өңдеу, логикалық, семантикалық және т.б.) бойынша ақпаратты өңдеуге бағытталады. Бұл жіктелімге әдебиет және өнер саласындағы авторлық шығармалар ретінде құрылатын объектілер жатады. Осы ресурстардың маңызды компоненті ретінде, адамның интеллектуалды іс-әрекеті нәтижесінде пайда болатын ақпарат алынады. Бар ақпаратты қайта өңдеу негізінде пайда болатын ақпарат және адамзаттың осы кезге дейін білмейтінін тіркейтін ақпарат айқындалады. Бұған әртүрлі әлеуметтік және табиғи үдерістер саласындағы жаңалықтар, болжаулар жатады.

Ақпараттық ресурстарға жататындар: кітапханалар, мұрағаттар, мәліметтер базасы, БАҚ, т.б., және ақпараттық сервистер (Ақпараттық сервистер – бұл алуан түрлі сервистік қызмет көрсетуді қолдануға болатын сайттар тобы: электрондық пошта, блок, сонымен бірге, оны жүргізудің механизмімен, іздеумен, әртүрлі каталогтармен, сөздіктермен, анықтамалықтармен, ауа райын болжаумен, телебағдарламамен, валюта курсымен және т.б. танысуға болады). Мысалы, <http://yandex.ru>, <http://rambler.ru>, <http://aport.ru>) және т.б.

Әлемдік ақпараттық ресурстардың дамуы мүмкіндік береді:

– Ақпараттық қызмет көрсету бойынша іс-әрекетті жаһандық адамзаттық іс-әрекетке айналдыруға (қолданушының құзырына заттық немесе заттық емес формалар тарату үшін өндірушінің құрастырған мәліметтер жиынтығын – ақпараттық өнімдерді алу және ұсыну);

– Ақпараттық қызмет көрсетудің әлемдік және мемлекетішілік нарығын құрастыруды;

– Салыстырмалы түрде қымбат емес, қолжетімді болатын аймақтар мен мемлекеттердің ресурстарының барлық мүмкін болар мәліметтер базасын құруды;

–Қажетті ақпаратты дер кезінде қолдану есебінен, фирмаларда, банктерде, өнеркәсіптерде, саудада және т.б. қабылданатын шешімдердің негізделуі мен оперативтілігін арттыру.

Жіктелуі бойынша, ақпараттық ресурстар мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпарат, сонымен бірге азаматтардың меншігінде, мемлекеттік билік органдары, жергілікті өзіндік басқару органдары, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердегі мүлік құрамының элементі ретінде болуы мүмкін.

2.2 Ақпараттық ресурстардың түрлері

Қазіргі кезде ақпараттық ресурстардың келесі түрлері анықталған:

1) Бұқаралық ақпарат құралдары. Оларға алуан түрлі жаңалық тектес және семантикалық сайттар жатады (немесе БАҚ-тың электрондық нұсқалары). Олардың айрықша белгісі ретінде, аталған сайттарға кірудің жоғары деңгейі (мысалы, сайт хабар, КТК және т.б.), ақпараттың тез алмасуы, сайттағы бейнеқатардың болуы алынады.

2) Электронды кітапханалар. Электронды кітапхана – қолданушыға қолайлы түрде мәліметтер берудің жаһандық желілері арқылы электрондық құжаттардың әртекті жиынтығын сенімді сақтауға және тиімді қолдануға мүмкіндік беретін таратушы ақпараттық жүйе.

3) Мәліметтердің электрондық базалары. Жалпы мағынасында мәліметтер базасы – бұл арнайы түрде ұйымдастырылған қолтаңбалар мен файлдар жиынтығы. Осындай мәліметтер базасының бір типі – мәтіндік редакторлар арқылы терілген және тақырыбы бойынша топтастырылған құжаттар. Екінші типі – қолдану сипаты бойынша топтарға біріктірілген электрондық кестелері бар файлдар.

4) Сайттар. Корпоративті сайт – бұл белгілі бір ұйымға, фирмаға, өнеркәсіпке арналған Интернет-ресурс. Әдетте, ол қолданушыларды фирмамен, оның іс-әрекетінің бағыттарымен және түрлерімен таныстырады, әртүрлі анықтамалық материалдарды көрсетеді: прайс-беттер, тапсырыстар мен төлем шарттары, жарнамалық ақпараттар, сапа сертификатының болуы, көрмелерге қатысу, баспадағы жарияланымдар және т.б.; байланыс ақпараттары.

Корпоративті сайтпен салыстырғанда, дербес және әуесқой сайттарды, үй беттерін ажыратуға болады. Олар ұсынылатын ақпараттық толыққандылығымен және кәсіби орындалуымен айрықшаланады. Әдетте, сайтта тар тақырыптық бағыттағы ақпаратпен танысуға болады. Оны қарастырудың тереңдігі алуан түрлі болуы мүмкін: іс-әрекеттің барлық жақтарын таза үстірт таныстырудан жоғары деңгейде таныстыруға дейін. Сайттың ақпараттылығын оның иесі анықтайды. Сайттарда бағдарлануға көмек беретін гиперсілтемелердің біршама саны ұсынылуы мүмкін.

5) Сервистер – бұл алуан түрлі сервистік қызметтерді қолдану мүмкін болатын сайттар тобы: электрондық пошта жәшіктері, блоктран (оны жүргізудің ережелерімен танысуға болады), іздеумен, әртүрлі каталогтармен, сөздіктермен, анықтамалықтармен, ауа райымен, телебағдарламамен, валюта курсымен және т.б. танысуға болады. Мысалы, Яндекс, Рамблер, т.с.с. Ақпараттық портал – бұл шынайы уақытта жаңаруы жүзеге асатын, әртүрлі ресурстар мен сервистердің көпдеңгейлі бірлестігі ретінде ұйымдастырылған веб-сайт. Ақпараттық порталдың мысалы ретінде, бірыңғай мемлекеттік емтиханды ақпараттық қолдау порталы алынады: <http://www1.ege.edu.kz/content/view/14/35/>.

Басқа белгілері бойынша ақпараттық ресурстарды бөлу туралы айтуға болады, атап айтсақ:

Мақсаттық жұмсалуды бойынша:

- жеке;
- корпоративті;
- БАҚ;
- бизнес;
- білім беру;
- саясат;
- мекемелер мен ұйымдар;
- сервистер мен қызмет көрсету;
- хабарландыру тақталары;
- мәдениет;
- чаттар;
- ПО қоймалары;
- спорт;
- демалыс;

- бейнелер мен фотолар;
- ойынсауық порталдары.

Ұсынылу тәсілдері бойынша:

- Web-беттер;
- Мәліметтер базалары;
- Файлдық серверлер;
- Телеконференциялар;

Тасуыштардың түрлері бойынша:

- қатты көшірме (кітап, газет, қолжазба және т.б.);
- машинада оқылатын тасуыштар (кино-фототаспа, аудио-бейнежазба, компьютердің винчестеріндегі, дискеттегі, CD, флэш-дискідегі мәліметтер және т.б.);
- байланыс арнасы (TV, радио).

Сақтау мен қолдануды ұйымдастыру тәсілі бойынша:

- дәстүрлі тасуыштардағы құжаттар (кітаптар, газеттер, журналдар);

- құжаттар ауқымы;
- құжаттар қоры;
- мұрағат;
- автоматтандырылған формалар.

Меншіктің формасы бойынша:

- жалпыресейлік ұлттық игілік;
- мемлекеттік меншік;
- ҚР субъектілерінің меншігі (атап айтсақ, муниципалды);
- жеке (жеке, корпоративті) меншік.

Мазмұны бойынша:

- тақырыптық ақпарат;
- ғылыми басылымдар;
- жарнамалық ақпарат;
- анықтамалық ақпарат;
- жаңалықтар;
- екінші (библиографиялық) ақпарат.

Ұлттық-аймақтық белгілері бойынша: Ақпараттық ресурстар тілдік белгісі және географиялық аймақтары бойынша бөлінеді.

Тілдік белгісі бойынша: Интернет желісіндегі негізгі тіл ағылшын тілі болып саналады, алайда әлемнің барлық негізгі тілдері Желіде ұсынылған. Сайттардың бірқатары қолданушының таңдауына байланысты бірнеше тілдерді қамтиды.


Географиялық белгісі бойынша. Көпшілік жағдайда ақпараттық ресурс белгілі аймақта тұратын, өзінің іс-әрекетін сол аймақта жүзеге асыратын, сол аймақтың заңдарына бағынатын белгілі бір ұйымның иелігінде болады. Бірқатар жағдайларда ақпарат аймақтың шекарасынан тыс немесе алыс болатын аудиторияға да арналуы мүмкін. Мысалы, хабарландыру сайттары. Белгілі бір қаладағы сату, сатып алу туралы ақпарат, екінші бір қаланың тұрғынына қызығушылық тудыра қоймайды. Бұл ресурстарға қолданушының тұрғылықты жеріне қарамастан кез келген жерден қол жеткізуге болады.

2.3 Әлемдік ақпараттық ресурстардың жіктелуі

Әлемдік ақпараттық ресурстар (ӘАР) – әр мемлекеттің ақпараттық ресурстарының жиынтығы.

Жер бетіндегі халықтардың әртүрлі ақпараттық қажеттілігі ақпараттық ресурстардың сан алуандылығымен келісілген. Ақпараттық ресурстарды әртүрлі белгілері бойынша жіктеуге болады:





1-сурет. Ақпараттық ресурстардың жіктелу мысалдары

Мемлекеттің, аймақтың ақпараттық ресурстарын стратегиялық ресурстар ретінде қарастыру қабылданған.

Қолжетімділігі шектеулі ақпараттық ресурстар. Ақпараттық ресурстар қолжетімділік түрлеріне қарай ашық және қолжетімділігі шектеулі болып бөлінеді. Қолжетімділігі шектеулі ақпараттар мемлекеттік құпия және жасырын ақпараттар болып бөлінеді.

Мемлекеттік ақпараттық ресурстар заңмен қарастырылған жағдайларды қоспағанда ашық болып табылады. Жеке ақпараттық ресурстардың құқықтық режимі заң шығаруға қайшы келмейтіндей жеке меншіктің тәртібімен анықталады.

Мемлекеттік құпия – жарияланған немесе жоғалған жағдайда Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін немесе нұқсан келтіруі мүмкін әскери, экономикалық, саяси және өзге де сипаттағы мәліметтер;

Құпия мәліметтер – құқықтық режимін меншік иесі коммерциялық, кәсіптік (өнеркәсіптік) құпия, мемлекеттік қызмет жайындағы және басқа заңнамалық кесімдер негізінде

тағайындайтын қызметтік, кәсіптік, өнеркәсіптік, коммерциялық және т.б. ақпарат қорғауды талап ететін ақпарат.

Құпия мәліметтердің тізімі төмендегідей:

1. *Дербес деректер* – жеке тұлғаның жеке басын анықтауға мүмкіндік беретін жеке тұлға туралы материалдық тасымалдағышта тіркелген ақпарат. Дербес деректерге жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), ұлты, жынысы, туған күні мен жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды мекенжайы, тұрғылықты жері, байланыс құралының абоненттік нөмірі, оның жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, отбасы және әлеуметтік жағдайы, жылжымалы және жылжымайтын мүлкінің бар-жоғы, білімі, кәсібі және биометриялық дербес деректері жатады;

2. Хат жазысулар, телефонмен сөйлесу, пошта арқылы жіберілген, телеграф және тағы басқа хабарламалар (байланыс құпиясы) мәліметтер құпиясы;

3. Сот ісі және тергеу құпияларын құрайтын мәліметтер;


4. *Кәсіби қызметке байланысты мәліметтер*. Бұл дәрігерлік, нотариалдық, адвокаттық құпиялар және басқа да мәліметтер, айтылған мамандықтардың сенімді өкілдерінің құқықтарын және азаматтардың құқықтық мүдделерін қорғауға арналған мәліметтер;

5. *Жаңалық ашудың маңыздылығы туралы мәліметтер*, пайдалы модельдер мен өнеркәсіптік үлгіден бастап олар туралы ресми ақпараттарды жариялауға дейінгі;

6. Коммерциялық және қызметтік құпия.

Білім беру процесінде әлемдік ақпарат ресурстарының бірігуі

Әлемдік ақпараттық ресурстар (ӘАР) мен ақпараттық технологиялардың (АТ) бірігу дәрежелерін төмендегі сызба арқылы көрсетуге болады:



2-сурет. Әлемдік ақпараттық ресурстар (ӘАР) мен ақпараттық технологиялардың (АТ) бірігу дәрежелері

Білім беру үдерісіне ақпараттық, компьютерлік, телебайланыстық технологияларды кірістіру, әлемдік ақпараттық ресурстарды кең ауқымда пайдалану оқыту әдістері мен мазмұнын түбегейлі өзгертуді талап етеді.

Ақпараттық ресурстардың құқықтық режимі. Режим – бұл қандай да бір заттың анықталған тәртібі, оларлы пайдалану, иелену, билік ету, сондай-ақ белгілі бір сала бойынша құрылатын қарым-қатынас тәртібі.

Құқықтық режим – бұл мемлекет тағайындаған құқықтық ереже және мемлекеттік мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз ету түріндегі құқықтық реттеудің қатаң тәртібі.

Ақпараттық ресурстардың құқықтық режимі оның иесіне мүмкіндік жасау үшін орнатылады:

- басқа тұлғалардың ресурстарды пайдалана алуын;
- сату, сыйлау, ресурстарды айырбастау;
- ресурстарды пайдаланудан белгілі бір пайда көру;
- ресурстарға қолжетімділікті шектеу.

Ақпараттық ресурстардың құқықтық режимін анықтайтын ережелер қалыптастырады:

- ақпаратты құжаттау тәртібін;
- ақпараттық жүйелердегі жекелеген құжаттар мен олардың жиынтығын, жеке меншік құқығын;
- оларға қолжетімділіктің деңгейіне қарай ақпараттың жіктелуі;
- ақпараттарды құқықтық қорғау тәртібі.

Ақпараттардың құжатталуы

Ақпараттардың құжатталуы ақпараттық ресурстарға ақпаратты енгізудің міндетті шарты болып табылады. Құжаттау тәртібін іс жүргізуді ұйымдастыруға құжаттарды стандарттау және олардың жиынын жауапты мемлекеттік биліктің органдары тағайындайды.

Құжаттың заңдық күші электронды сандық қол қою арқылы расталады. Электронды сандық қол қою туралы заң – келісімдерді телебайланыс технологиялары арқылы жүргізетін және компьютермен жұмыс жасайтын адамдардың өмірін жеңілдетеді. Тек мұндай келісімдер нотариалдық куәліктерді қажет етпейтін жағдайда жүргізіледі.

Электронды сандық қол қою төмендегідей мақсаттарға арналған:

- электронды құжаттардың заңдық күшін жасау;
- құжаттарды жасанды заттардан қорғау;
- меншік иесін сәйкестендіру қол қою кілтінің сертификаты;
- электронды құжатта ақпараттың бұрмалануын болдырмауды орнату;
- электронды формада құжат түпнұсқасының расталуы;
- ЭЕМ қолданғанда азаматтық айналымның дамуы мен қалыптасуы;

Өз қолымен қол қоюда қандай да бір құжатқа қажетті уақыттың азаюы.

Меншік иесінің құқығы

Меншік иесінің ақпараттық ресурстарға құқығы үш күзіреттілікке саяды: иелік тету, пайдалану және билік ету. Ақпараттық ресурстар меншік иесінің ерекше нысаны. Ақпараттық ресурстардың иесі олардың көшірмесіне келісім жүргізуге және ақпараттық алмасу жағдайында делдал ретінде сөйлейтін тұтынушының қандай да бір ұйыммен немесе азаматпен көшірмені беруге құқылы.

Меншік иесінің ақпараттық ресурстарға тағайындалған құқығы меншік иесіне мүмкіндік береді:

Ақпараттық ресурстарды қорғау механизмін өндіруге;

Ақпараттық ресурстардың нақты айналым технологиясын дайындау;

Мәліметтер ресурстарын өзге адамдардың қолдану концепциясын анықтау.

Қолжетімділік деңгейлері

Ақпараттық ортада жұмыс жасайтын адамдар үнемі мәліметтерді жинау, өңдеу, жинау, сақтау және көрсетумен айналысады. Ақпараттық ресурстардың иесі ақпаратты қорғау мақсатында оларға қолжетімділік деңгейлерін орнатады.

Қолжетімділікке шектеулік болмайтын ақпараттар тізімі заңмен тағайындалады. Мұндай ақпараттық ресурстарға:

– Заң шығаратын және нормативті актілер, мемлекеттік билік органдарыны, жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдары, қоғамдық бірлестіктердің құқықтық мәртебесі, азаматтардың міндеттері мен бостандықтары, оларды жүзеге асыру тәртіптері;

– Құжаттар, төтенше жағдайлар туралы мәліметтерден тұратын, экологиялық, метеорологиялық, демографиялық, санитарлық-эпидемиологиялық және тағы басқа ақпараттар, халықтың, азаматтар мен тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажетті;

Құжаттар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен мемлекеттік билік органдарының қызметтері туралы ақпараттардан тұратын, бюджет қаражатын пайдалану және өзге де мемлекеттік, жергілікті ресурстар, экономика мен халық қажеттілігінің жағдайы.

Интернет-ресурстардың жіктелуі

Сайт – мағынасына қарай біріктірілген, қайталанатын дизайны бар, навигациясы мен физикалық жағынан бір серверде орналасқан ақпараттық беттердің жиынтығы.

Портал – тікелей өзара байланыстырылған және «Интернеттік» желі арқылы орындалатын аппараттық орта жиынтығы.

Ақпараттық қызметтің әлемдік нарығы сайт және портал түріндегі түрліше Интернет-ресурстар болып көрінеді. Интернет-ресурс байланыс құралы контент ретінде қарастырылады.

Интернет-ресурстарды бірнеше критерийлер бойынша жіктеуге болады.



3-сурет. Интернет-ресурстардың жіктеу критерийлері

Құрылымдық ұйымдар бойынша сайттың төмендегідей түрлерін бөліп алуға болады:

«Визитка» (компания және оның ұсынатын қызметтері туралы жалпы мәлімет);

Промоушн-сайт (жеке алынған тауар не қызмет, жағдай туралы тікелей жарнама);

Электронды дүкен (өнімдер каталогы, прайс-бет, тапсырыстар жүйесі);

Ақпараттық сайт (кейбір пәндік сала бойынша мәліметтер, қызмет көрсетулер, сұраулар, дауыс беру, жан-жаққа жіберулер);

Портал (көптеген сан түрлі сервистерді біріктіреді, Интернет-қауымдастығын қалыптастырады);

Корпоративтік өкілеттілік (электрондық дүкен, тапсырыстар жүйесі, байланыс сервистері, электрондық құжатайналым, online-сөйлесулер).

Аудиториямен өзара әрекеттестік принципі бойынша, сайттың кері байланыс қарқындылығын ақпараттылық және интерактивті болып бөлуге болады.

Тұтастай белгілеу бойынша бөлінеді:

Ақпараттық (бұқаралық ақпарат құралдары, онлайн информагенттігі, желілік басылымдар);

Қолданбалы (іздеу жүйелері, онлайн кітапханалар)

Байланыс (әлеуметтік желілер, форумдар, хабарландыру тақталары, танысу сайттары);

Көңіл көтеретін (онлайн ойындар, радиостанциялар)

Презентациялық (Интернеттегі компанияның өкілеттілігі).

Интернеттің коммерциялық секторын келесідей ақпарат ресурстарының түрлеріне бөлуге болады:

Корпоративті сайт (компанияның миссиясын бейнелейді, бизнесті жүргізу принциптерін, серіктестіктер мен қызметкерлер құрамымен қарым-қатынас саясаты);

Ақпараттық салалық портал (тәуелсіз эксперттердің көзқарасын, мемлекеттік көздерінен ақпараттарды бейнелейді);

Спонсорлық жоба (спонсор компанияның оң баға берген мінездемесін қолдау);

Коммерциялық өзара әрекеттестік сайты (сауда орындары, Интернет-дүкендер).

Web-сайтқа қолжетімділік түрлері бойынша бөлінеді:

Көпшілік (Интернет арқылы кез келген пайдаланушыға қолжетімді);

Желі ішінде (жеке желі аумағында жұмыс істейді);

Экстра-желілік (шектеулі пайдаланушыларға Интернет арқылы қолжетімді).

Электронды білім беру ресурстарының жіктелуі

Электронды білім беру ресурстары – бұл сандық түрде сақталып таратылатын, оны құру және жүргізу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланатын оқу материалдары болып табылады.


Ол төмендегідей мақсаттарды шешуге бағытталады:

- мультимедиа құралдарымен оқу ақпаратын ұсыну;
- интерактивті режимде пайдаланушымен кері байланысты жүзеге асыру;
- оқыту нәтижесін және оқудағы жетістігін бақылау;
- оқу-тәрбие процесін және оқу орнын ұйымдастырушылық тұрғыдан басқаруды ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету процесін автоматтандыру.

Электрондық білім беру ресурстарын жалпылама қабылданған критерийлер бойынша жіктеуге болады:



4-сурет. ЭББР қызметіне қарай жіктелуі




5-сурет. ЭББР ақпараттың табиғаты бойынша жіктелуі



6-сурет. Электронды білім беру ресурстарының құрылымдық белгілері бойынша жіктелуі



7-сурет. Электронды білім беру ресурстарының тұтастай белгілері бойынша жіктелуі



8-сурет. Электрондық білім беру ресурстарының баспа эквиваленттілігі бойынша жіктелуі

9- сурет. Электронды білім беру ресурстарының таралу



технологиясы бойынша жіктелуі

Жоғарыда айтылған жіктеулер принциптері электрондық білім беру ресурстарының жекелеген сипаттамаларын ескеруге мүмкіндік береді. Электронды білім беру ресурстарын жүзеге асыру негізін белгілеулеріне, қолдану әдістемесі мен технологиясына қарамастан, кейбір пәндік саланың оқу материалдары құрайды.

Электронды оқу-әдістемелік кешендері электронды білім беру ресурстарының бір түрі болып табылады. Ережеге сәйкес, бұл – құрылымдық дидактикалық бөлігінен тұратын мультимедиа курстары.

Оқу мағлұматтары сан алуан түрлі және әртүрлі тасымалдаушыларда көрсетілулері мүмкін. Бұл техникалық, экономикалық, психологиялық түсінумен ойластырылған.

Электронды білім беру ресурстарының формалары

1.Қашықтықтан оқыту курстары (біліктілікті арттыру

жүйелері үшін, жекелеген пәндер бойынша ЖОО-ы үшін):

– Күндізгі базалық, тереңдетілген, профильді оқыту жүйесімен кіріктірілген курстар;

– Бүтіндей желілік;

– Кейс-технологиямен кіріктірілген (басылған оқу құралдары, бейнекассеталар, компакт-дискілер).

2. Өз бетімен білім алуға бағытталған курстар, бағдарламалар.

3. Ойындық оқу бағдарламалары, бағдарламалық құралдар;

4. Оқу олимпиадалары, викториналық сұрақтар, телебайланыс жобалары.

5. Мамандықтарға арналған телеконференциялар.

6. Консультациялық виртуальды орталықтар (оқытушылар, студенттер, магистранттар, мектеп оқушылары, ата-аналар үшін).

7. Студенттер, магистранттар мен мектеп оқушыларының ғылыми орталығы.

8. Білім беру саласы қызметкерлерінің жеке сайттары.

9. Электронды каталогтар, білім беру баспасөзі.

10. Электронды сабақтар, дәріс конспекттері (презентациялар).

11. Виртуальды экскурсиялар мен саяхаттар, музейлер мен көрмелер, динамикалық интерактивті карталар мен web-камералар.

12. Виртуальды зертханалық жұмыстар, виртуалды оқу әлемін көзбен шолу.

13. Тестілеу, консультациялық және бақылау жүйелері.

Электронды білім беру ресурстарының дидактикалық функциялары

Электронды білім беру ресурстарының төмендегідей дидактикалық функцияларын бөліп алуға болады:

Материалды бекіту (жаттығу, тестілеу бағдарламалары үшін);

Жаңа құрылымды материалды меңгеру (оқыту құралдары);

Құрылымды білімнің өзектілігі (мәліметті іздеу, сақтау жүйелері);

Көзбен шолу (визуализация), көзбен шолу жүйелері мен процестері (модельдеу бағдарламалары)

Кейбір есептердің класын жүзеге асыру үшін операциялық орта құру;

Білім моделін құру, ескі мен жаңа білімнің біріккен құрылымын байланыстыру (когнитивті орта, реинжинирингтік

жүйелер);

Білім алушылар әрекетінің жаңа өнім деңгейіне көшуді қамтамасыздандыру (инструментальды креативті орта);

Бағаның төмендеуі мен уақыттың өзектілігі, білімді жобалау, жұмысты коллективтендіру (объектілі-бағытталған және CASE –жүйелер);

Коммуникативтілікті қамтамасыздандыру (интражелілер мен экстражелілер);

Мәліметті іздеу мен өзектілігін қамтамасыздандыру (байланыс орталары) және т.б.

Ақпараттық қызмет көрсетулердің түрлері төмендегі суретте көрсетілген:

10-сурет. Ақпараттық қызмет көрсетулердің түрлері



Ақпараттық басылымдар шығару (библиографиялық көрсеткіштер, рефераттық жинақтар, шолу басылымдары, анықтамалық басылымдар). Бұл басылымдар қосымша ақпараттардан тұрады, яғни мәліметтер қорымен жұмыс жасау негізінде құрылады.

Өткенді шолатын ақпараттарды іздеулер деректер қорынан белгілі бір мақсатқа бағытталған мәліметтерді іздеу қолданушының сұранысы бойынша және оған нәтижелерді қайта жіберу (қағазға шығарылған түрінде пошта арқылы немесе электронды поштамен файл түрінде).

Түпкі деректердің берілуі. Қызметтің мұндай түрлері түпкі деректерді берумен қатар олардың көшірмесін де береді.

Ғылыми-техникалық орталықтардың дәстүрлі қызмет көрсетулері алдын-ала тапсырыс бойынша жүзеге асады:


Қолжазба түріндегі шолуларды дайындау;

Мәтіннің аудармасын дайындау;

5. Мәліметтер қорына дистанционды қолжетімділік компьютерлік желінің диалогтық режимінде ұйымдастырылады. Қызмет көрсетудің бұл түрінің танымалдылығын келесідей факторлар растайды:

Компьютерлік желіде ақпараттық технологиялармен жұмыс жасай білетін қолданушылар санының өсуі;

Қызметтің жоғары жылдамдықпен көрсетілуі.



11-сурет. Мәліметтер қорына дистанциондық қолжетімділіктің тәсілдері

1. Тікелей қолжетімділік қолданушының жергілікті орнынан оның коммуникация ортасында жұмыс жасауға үйренген жағдайында ұйымдастырылуы мүмкін.


2. Жанама қолжетімділік қолданушыларды оқытуды ұйымдастырумен жүзеге асады, жаңалықтар бюллетенін шығару, анықтама қызметін ұйымдастыру, қолданушылардың толғандырған сұрақтарына жауап айту үшін кездесулер ұйымдастыру, қолданушыларға сұрақтардың жауабын кері жіберу;

3. Down loading қызметі орталық деректер қорынан іздеудің нәтижесінде табылған мәліметтерді одан әрі дербес деректер қоры ретінде өзінің компьютеріне жүктеп алуға мүмкіндік береді.

4. Тұрақты іздеулер бір немесе бірнеше орталық деректер қорынан тұрақты іздеу жұмыстарын жүргізуді және қолданушыға

іздеу нәтижесінде табылған мәліметтерді қолайлы уақытта тауып беруге мүмкіндік береді.

Интернет желісі қызмет түрлерінің жіктелуі
Интернет желісінің қызмет түрлерін үш топқа бөлуге болады.



12-сурет. Интернет желісінің қызмет түрлері

Мәлімдеу:

Толықмәтінді кітаптар, әдістемелік әдебиеттер, газеттер, электронды форматтағы журналдар;

Компьютерлік оқыту бағдарламалары;

Электронды кітапханалар, деректер қоры, ақпараттық жүйелер;

Педагогикаға қатысты оқыту құралдары және жеке электронды әдістемелік кітаптар, анықтамалық файлдар, сөздіктер, анықтамалықтар, басқа да сандық білім беру ресурстары.

2. Интерактивті:

- Электронды пошта;
- Электронды телеконференциялар;
- Электронды форумдар;

Чаттар.

3. Іздеу:

- Каталогтар
- Іздеу жүйелері
- Метаіздеу жүйелері.

2.4 Құжаттарды іздеу

Қолданушы ақпараттық ресурстарға өзіне қажетті ақпаратты іздеу үшін жүгінеді. Мұнда іздеу деп қолданушылардың сұраныстарын алу және орындау аталады. Іздеу нәтижелерін

ранжирлеу, әдетте құжаттың сұраныс релеванттық дәрежесіне негізделеді. Алайда, басқа критерийлерді қолдану да мүмкін болады (мысалы, құжаттардың жаңа болуы).

Іздеу жүйесіне байланыста онда іздеу функциясының келесі түрлері қамтылуы мүмкін:

Фактографиялық іздеу. Фактографиялық іздеуде нақты деректі мәліметтердің сипаты бар нақты ақпаратты іздеу жүзеге асады. Соған сәйкес фактографиялық іздеу ресурстар туралы мәліметтерді емес, деректер мен мәліметтерді айқындауды қамтиды. Мысалы, «Қандай қала Австрияның астанасы болып саналады?». Ізденіс жүйесінің мұндай функционалдығын қамтамасыз ету, табиғи тілдік сұрақтарды өңдеуді, оны аталған жүйеге арнап стандартты сұраныстарға қайта құруды, қажетті үзіндіні және жауап алуды құрайтын құжатты табуды қамтиды.

Ізденіс сұранысын нақтылау. Қолданушы сұранысты жеткілікті құрастырмаған жағдайда (ізденіс жүйесі релевантты ақпаратты таппаған кезде), оны нақтылау ізденістің сапасын біршама арттыруы мүмкін. Сұранысты нақтылаудағы аса танымал тұғырлардың бірі ретінде, жаңа терминдерді қосу есебінен оларды кеңейту алынады. Бұл кеңейту қолданушы көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін, мысалы кері байланыс механизмі негізінде («ұқсас құжаттарды табу» түймесі), сонымен бірге автоматты түрде, мысалы, локальды контексті талдау арқылы, сонымен бірге, логикалық операторларды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, Яндекске және соған ұқсас ақпараттық сервистерде келесі функция қарастырылған: «Табылғаннан іздеу». Ол сұраныс бойынша құжаттардың көп саны алынған жағдайда қолданылады. Сұранысты нақтылауда, оны нақтылауға жауап беретін ақпарат қана тексеріледі.

Категориялар бойынша іздеу. Категориялар бойынша іздеу, ізденістің сапасын арттыру үшін ізденіс саласын тарылтудың типтік үлгісі болып табылады. Тіпті ең кең тараған тұғыр ретінде, қолданушыға құжаттардың индекстелген жүйесінде құрастырылған иерархиясы, мысалы, тақырыптық белгісі бойынша ұсынылу алынады. Басқа тұғырлар қолданушының сұранысын кеңейтуге және қаланған категорияға сәйкес іздеу нәтижелерін тексеруге негізделеді. Мысалы, ISI Emerging Markets мәліметтердің ақпараттық-аналитикалық базасында іздеу келесі категориялар бойынша жүзеге асырылуы мүмкін:

тарауы бойынша, ресейлік БАҚ бойынша, қаржылық нарықтар бойынша, макроэкономика бойынша.

Бұдан басқа, ақпараттық ресурстар әртүрлі белгілері бойынша бөлінуі мүмкін:

Ақпаратты көрсетудің толыққандылығы бойынша іздеу. Толықмәтіндік және реферативті библиографиялық ақпараттық ресурстар айқындалады.

Ақпаратты тақырыпнама бойынша іздеу: политикаырыптық (эмбебап) және тақырыптық. Мысал: АРБИКОН <http://www.arbicon.ru/services/> мәліметтердің политикаырыптық базасы. Мәліметтердің тақырыптық базасы: Орталық ғылыми ауыл шарушылық кітапханасы, ауыл шаруашылық тақырыбы, атап айтсақ, ауыл шарушылығының экономикасы <http://www.cnsnb.ru/>.

Мұрағаттың тереңдігі бойынша іздеу. Мәліметтерді мұрағаттаудың тереңдігі жазба кезеңімен анықталады. Мысалы, БД 1998 жылдан бері жүргізіледі.

Қолжетімді режимі бойынша іздеу.

- ашық ақпарат (шектеусіз);
- шектелген қолжетімді ақпарат;
- мемлекеттік құпия;
- конфиденциалды және оған теңестірілген ақпарат;
- локальды;
- жойылған.

Еркін қолжетімді мәліметтер базасын кез келген қолданушы өзіне қолайлы уақытта кез келген компьютерден пайдалана алатынын білдіреді. Еркін қолжетімділік ресурсының үлгісі ретінде, қоғамдық ғылымдар бойынша Ғылыми ақпарат институтының мәліметтер базасы алынуы мүмкін: <http://www.inion.ru/>

Жазылу бойынша қолжетімділік – келісім-шарт негізінде мәліметтер базасына рұқсат беріледі. Жазылу бойынша ресурс – БД ВИНТИ (Ғылыми-техникалық ақпараттың Бүкілодақтық институты: www.viniti.ru)

Әртүрлі деңгейдегі ақпараттық ресурстарға жүгінуде қолданушы үшін басты шарт – бұл өзіне қажетті ақпаратты жедел түрде табуға мүмкіндік. Ол үшін ізденіс жүйелерінде құжаттарды индекстеуді және бірқалыпқа келтіруді қолданады. Құжаттарды бір қалыпқа келтіру деп, оны аталған жүйеге сәйкес стандартты болатын түрге келтіруді атайды. Оны құжаттар жүйесінде тану мақсатында қолданады.

Индекстеу – мәліметтер базасында бар құжаттар бойынша тікелей іздеу емес, шамадан тыс көп индексті құрылымда орналасқан ақпарат бойынша іздеу. Мәтіндерді индекстеу үшін бірнеше тәсілдерді қолданады: инвертелген файл, сигнатур файлдары, хэштеу, көпшамалы индекстеу үшін ағаштардың алуан түрлері.

2.5 Қолданушыларға арналған профильді ресурстар

Қазақстандағы экономика академиясының ақпараттық-кітапханалық орталығының қолданушысы үшін келесі ақпараттық ресурстарды ұсынуға болады, олар әртүрлі белгілері бойынша орналастырылған:

Географиялық белгісі бойынша. Отандық және шетелдік ақпараттық ресурстар.

Отандық ақпараттық ресурстар. Олардың арасында ақпараттың толыққанды көрсетілуі бойынша ажыратылады:

Библиографиялық ресурстар. Оларға жататындар: Қазақстан Республикасы Президенті қарамағындағы адам құқығы комиссиясының сандық кітапханасы – <http://hrc.nabrk.kz>, Қазақстан Республикасының ұлттық ғылыми порталы – <http://www.nauka.kz>, Қазақстан Ұлттық электронды кітапханасы (ҚазҰЭК) – <http://www.kazneb.kz/wps/portal>, Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапханасы – <http://lib.kazrena.kz>, Сирек кітаптардың виртуалды кітапханасы – <http://www.e-vko.gov.kz/library/Library.aspx>.

Реферативті ресурстар. ВИНТИ МБ (Бүкілодақтық ғылыми-техникалық ақпарат институты) www.viniti.ru, ОҒАШК МБ (Орталық ғылыми ауыл шаруашылық кітапханасы) <http://www.cnshb.ru/>.

Мәліметтердің толық мәтіндік базалары. РГБ диссертациялардың электрондық кітапханасы www.diss.rsl.ru, Integrum компаниясының МБ www.integrum.ru, Eastview <http://www.ebiblioteka.ru/> компаниясының МБ, EastView ғылым онлайн <http://www.ebiblioteka.ru/newsearch/basic.jsp>, «Ресей» университеттік ақпараттық жүйе <http://www.cir.ru/index.jsp>, eLibrary – Ғылыми электрондық кітапханасы (ҒЭК) www.elibrary.ru және т.б.

Жекеленген компаниялардың сайттары. «Вопросы экономики»

(Ресейдегі жалпыэкономикалық мазмұндағы теориялық және ғылыми-практикалық журналдың сайты) makala.kz (Ұлттық, танымдық, мәдени ағарту сайты), http://www.vestnik_fa.ru/, http://catalog.allinfo.kz/kazakstan_mektebi (Қазақстан мектебі журналы).

Ресми басылымдар. Анықтамалық-құқықтық жүйе «Консультант-плюс» <http://www.consultant.ru/>, анықтамалық-құқықтық «Гарант» жүйесі <http://www.garant.ru/>, «Кодекс» атты іс-әрекетті әртүрлі саладағы заңнама бойынша мәліметтер базасы, «Рубрикон» анықтамалық баспасының МБ “Рубрикон” www.rubricom.com.

Дәл осыған ұқсас бөлу шетелдік ақпараттық ресурстарға байланысты қабылданған. Библиографиялық ресурстар. Ulrich's Periodicals Directory www.ulrichs.com, Web of Science. Social Sciences Citation Index. / ISI <http://www.webofknowledge.com/>.

Реферативті ресурстар. Scopus <http://www.scopus.com/>, Ingenta <http://www.ingenta.com/>, Academic Search Premier /EBSCO <http://search.epnet.com>, Cambridge Scientific Abstracts www.csa.com, LISA: Library and Information Science Abstracts <http://www.csa.com/factsheets/lisa-set-c.php> и др.

Толық мәтіндік ресурстар. ScienceDirect /ELSEVIER www.sciencedirect.com, Business Source Premier /EBSCO <http://search.epnet.com>, Cambridge Journals Online <http://www.journals.cambridge.org/> Oxford journals online <http://www.oxfordjournals.org/> и др.

Мәліметтердің статистикалық базалары. The World Bank Group <http://www.worldbank.org/>, Global Market Information Database / Euromonitor Information Database /Euromonitor International <http://www.gmid.euromonitor.com>, ISI Emerging Markets <http://www.securities.com/> CityData <http://secure.alacra.com/cgi-bin/alacraswitchISAPI.dll?app=eiusite&msg=ExecContent&topic=GetSearchOptions&datasource=citydata&sk=guest17>.

Мысалдардан көрініп тұрғандай, бір ақпараттық ресурс бірнеше белгілері бойынша анықтала алады. Мысалы, ВИНТИ МБ ресейлік (географиялық белгі) библиографиялық, тақырыптық, мерзімдік белгілері болып саналады.

Электрондық ресурсты дұрыс таңдаудың қолданушы үшін үлкен мәні болады, ол қолданушының ақпараттық қажеттіліктеріне толыққанды және барынша жауап береді. Ақпараттық ресурста оның ізденістік мүмкіндіктерін есепке алу қажет. Ізденіс жүйелерінде әртүрлі ақпараттық ресурстардың бірыңғай

бейнесі жоқ. Сондықтан, өзінің ақпараттық сұранысын сауатты құрастырып үйрену керек және қандай логикалық операторды қолдануға болатынын түсіну керек (егжей-тегжейлі>>).

Г.В.Плеханов атындағы Ресей экономикалық академиясының электронды ресурстарын таңдауда, қолданушыларға Г.В.Плеханов атындағы РЭА-сының ақпараттық-кітапханалық орталығы шығарған ақпараттық ресурстар каталогымен танысуды ұсынады. Онда академия қолданушыларының мүдделеріне барынша толық жауап беретін, отандық және шетелдік ақпараттық ресурстардың мазмұнды белгілері ашылады. Сонымен бірге, тақырыпнама, қолжетімділік, мұрағаттардың тереңдігі, іздеудің мүмкіндігі сияқты сипаттамалар көрсетілген.

2.6 Ақпараттық ресурстармен жұмыс әдістемесі

Әдетте, мәліметтердің электрондық базалары ізденіс сеансының кез келген сәтінде қолжетімді болатын функцияларға арналған элементтерді басқарушы панельді қамтиды. Алайда, ізденіс жүргізілетін базаға байланысты, функциялардың саны өзгеруі мүмкін. Ізденісті жеңілдету үшін, базалық ізденіс терезесін немесе сервистік басқару панелін қолданыңыз (Basic Search), онда әдетте ізденіс параметрлерінің міндетін жеңілдететін тапсырма болады.

«Іздеу режимі» функциясы ізденістік белгілері бойынша шектеулерді енгізеді (мәліметтер базасы, терминдер, хронологиялық ауқымы бойынша). Мысалы, ЭБСКО-да жұмыстың 4 режимі қолжетімді:

- Стандартты ізденіс (Standard Search);
- Барлық терминдер бойынша ізденіс (All Words);
- Дәл фраза бойынша ізденіс (Exact Phrase);
- Енгізілген терминдер бойынша ізденіс (Any Words).

Жоғарыда атап өткеніміздей, электронды ресурстар логикалық операторларды қолдану арқылы контент бойынша ізденісті жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Логикалық ізденістің операторлары –AND, OR, және NOT. Осы операторларды қолдану өте кеңейтілген немесе керісінше өте нақтыланған сұранысты құруға мүмкіндік береді.

AND (және) операторы ізденістің әрбір нәтижесінің барлық

ұсынылған терминдерін қамтитындай ізденістік терминдерді біріктіреді. Мысалы, travel AND Europe бір мезгілде екі терминді қамтитын құжатты таңдауға әкеледі.

OR (немесе) операторы ізденістің әрбір нәтижесінің шамамен ұсынылған терминдерінің біреуін қамтитындай ізденістік терминдерді үйлестіреді. Мысалы, college OR university college немесе university терминдерін қамтитын құжаттарды таңдауды жүзеге асырады.

NOT (жоқ) операторы нәтижелердің ешқайсысын да сұраныстан кейін ұсынылған терминдерді қамтымайтындай етіп шығарады. Мысалы, television NOT cable сұранысы television терминін қамтитын нәтижелерге әкеледі.

2-ТАРАУҒА БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Ақпараттық ресурстарға анықтама келтіріңіз.
2. Ақпараттық ресурстардың түрлерін атаңыз.
3. Ақпараттық ресурстарды жіктеңіз.
4. Құжаттарды іздеу қалай жүзеге асырылады?
5. Қолданушыларға арналған профильді ресурстарға мысалдар келтіріңіз.
6. Ақпараттық ресурстармен жұмыс әдістемесіне мысалдар.

3-ТАРАУ. ИНТЕРНЕТ – БҮКІЛӘЛЕМДІК АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРС РЕТІНДЕ

3.1 Интернет

Интернет — мәліметтердің ауқымды көлемін, ақпараттық және коммуникациялық ресурстардың кең спектрін қамтыған, ең үздік және озат технологияларға негізделген жаһандық ақпараттық кеңістік. Интернеттің пайда болуын 1969 жылмен байланыстыру қабылданған. Себебі, дәл осы кезде АҚШ-та компьютерлер тобын шағын желілерге біріктіру бойынша жұмыстар басталды. Бұл қиын жағдайлар ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында жасалды. 1971 электронды пошта пайда болды. Осы бастамалардың жетістігі қазіргі кездегі Интернеттің негізін қалады. Интернеттің шынайы өркендеуі 1992 жылы басталды, сол кезде «Всемирная паутина» атына ие болған жаңа қызмет ойластырылып шығарылды (World

Wide Web немесе WWW, жай Web (веб)). WWW Интернетті қолданушыға өзіндегі ақпаратты мультимедиялық формада ұсына алады, соның нәтижесінде аталған ақпаратты басқа авторлардың басылымдарымен байланыстырады және навигацияның қолайлы жүйесін ұсынады (бір басылымнан екінші басылымға сілтеме бойынша жедел өту).

Қолданушы үшін Интернетті пайдаланудың қандай негізгі бағыттары бар? Мұнда үш бағытты айқындауға болады:

ақпарат көзі;

ақпарат алмасу құралы;

жеке ақпаратты орналастыру орны.

INSPEC – физика, электртехника, электроника, коммуникация, компьютерлік ғылым, АТ, өндіріс пен механотехника саласындағы ірі реферативті МБ. База 10 миллионнан астам жазбаларды құрайды және 3800 журналды, 3000 конференция материалдарын, сонымен бірге кітаптарды, патенттер мен есептерді қамтиды. *Барлық факультет студенттеріне ұсынылады.*

Masterfile Premier – әмбебап мазмұндағы мәліметтер базасы, онда 1800-ден астам мерзімдік танымал басылымдар берілген. Аталған МБ толық мәтіндерге, рефераттарға, ғылыми және ғылыми-танымал журналдардағы басылымдарға библиографиялық сілтемелерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді. *Барлық факультет студенттеріне ұсынылады.*

Newspaper Source – халықаралық және американдық аймақтық газеттердегі таңдамалы мақалалардың толық мәтіндеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді; сонымен бірге, ақпараттық агенттіктердің шолуларын және 150 танымал күнделікті газеттерге шолу жасауды қамтамасыз етеді. *ИМО студенттеріне ұсынылады.*

Regional Business News – бизнес саласындағы аймақтық жаңалықтар мәліметтерінің толық мәтіндік базасы, ол база бизнес бойынша газеттер мен журналдардағы басылымдарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді; сонымен бірге, АҚШ-тың барлық аймақтарынан телеграфтық хабарламаларға қол жеткізуді қамтамасыз етеді. *Гуманитарлық факультет студенттеріне ұсынылады.*

ERIC – **білім беру мәселелері** бойынша мақалалар жинағының толық мәтіндеріне қол жеткізуді ұсынатын МБ, сонымен бірге, білім беру тақырыбы бойынша ғылыми журналдардағы мақалалар мен рефераттардың сипаттамасын қамтиды. *МИФИ профессор-оқытушылар құрамына ұсынылады.*

Russia Online – Интегрум Техно компаниясының орыс тілді ресурстарына қол жеткізуді ұсынатын МБ (орталық және аймақтық мерзімдік басылымдар, жаңалықтар жинағы). *Барлық факультет студенттеріне ұсынылады.*

БД MEDLINE – аса танымал тақырыптық шетелдік реферативті-библиографиялық МБ-ның бірі. Ол 1966 жылы құрылды, 4500 журналдан мақалалардың 11 миллионнан астам сипаттамасын қамтиды. МИФИ-де бұл МБ-на қол жеткізу EBSCO платформасында, сонымен бірге eLibrary ғылыми электронды кітапханасында мүмкін болады. *«Т» факультетінің 014000 – медициналық физика (физик) мамандығы бойынша оқитын студенттерге ұсынылады.*

Library, Information Science & Technology Abstracts (LISTA) – 600-ден астам мерзімдік басылымнан тұратын МБ, сонымен бірге, кітаптардың ғылыми-зерттеу есептерін, ғалымдардың жазбаларын қамтиды. Тақырыптардың ішінде – кітапхана ісі, категоризация, каталогизация, библиометрия, ақпаратты онлайн іздеу, ақпаратты басқару және т.б. Мәліметтердің осы базасының материалдары 1960 жылдан қазіргі кезге дейінгі кезеңді қамтиды.

Clinical Pharmacology – клиникалық медицинада қолдану үшін, АҚШ-та рецепт бойынша сатылатын дәрілік препараттар мен дәрілер туралы монографияларға, сирек кездесетін шөптік және диетологиялық қоспалар туралы монографияларға; рецептісіз сатылатын дәрілер, жаңадан құрастырылатын дәрілер монографияларға қол жеткізуді қамтамасыз ететін МБ. *«Т» факультетінің 014000 – медициналық физика (физик) мамандығы бойынша оқитын студенттерге ұсынылады.*

Health Source: Nursing/Academic Edition – бұл мәліметтер базасы көптеген медициналық пәндерге ерекше зейін аударатын 550-ге жуық ғылыми толық мәтіндік журналдарды қамтиды. Health Source: Nursing/Academic Edition сонымен бірге, рефераттарды және 850 журналға берілген көрсеткішті қамтиды. Бұл мәліметтер базасы күн сайын жаңартылады. *«Т» факультетінің 014000 – медициналық физика (физик) мамандығы бойынша оқитын студенттерге ұсынылады.*

Institute of Physics Ұлыбритания <http://www.iop.org/>
Е.І. Ұлыбританияның Физика институтының журналы (IOP Publishing) – Ұлыбританияның физика институтында шығарылатын журналдарға қол жеткізуге жол ашатын МБ (IOP Publishing). МИФИ үшін бұл база біздің университеттік РФФИ консорциумына мүше болуының нәтижесінде ашылды. Аталған МБ физика және салалас пәндер бойынша зерттеулердің жаңаша нәтижелері туралы ақпараттың негізгі қайнар көздерінің бірі болып табылады:

Journal of Optics A: Pure and Applied Optics;
Journal of Radiological Protection;
Metrologia;
Nanotechnology и др.

Барлық факультет студенттеріне ұсынылады.

The American Chemical Society (<http://pubs.acs.org>) – Американдық химия қоғамының журналдарын қамтитын және химия, химиялық технологиялар, білімнің туыстас тақырыптық бағыттылықтағы салалары бойынша АҚШ-тың үздік 35 журналына толық мәтіндік қол жеткізуді қамтамасыз ететін МБ:

Nano Letters;

Biochemistry.

Бұдан басқа, осы сайт беттерінде химиядан шетелдік жаңа кітаптар туралы білуге болады (ол Оксфорд басылымдарына электронды тапсырыс беру мүмкіндігімен сілтеме береді).

«Ф» факультеттерінің студенттеріне ұсынылады.

5.7 Шетелдік мәліметтер қоры

Questel&Orbit (www.questel.orbit.com) – ақпараттық бірлестік, екі шағын жүйелерден тұрады: Questel (Франция) және Orbit (АҚШ). Интеллектуальды меншікті сипаттайтын мәліметтер қорынан тұрады (патенттер, тауар белгілері, сауда маркалары), технология мен нарық туралы болжам жүргізіледі.

Dialog (1972 ж., www.dialog.com) – әлемнің алғашқы онлайн ақпараттық-іздеу жүйесі. Мемлекеттік құжаттар, мерзімді басылым архивтері, білімнің сан алуан саласы бойынша материалдардан тұрады.

Lexis-Nexis (1973 ж., www.lexis-nexis.com) – әлемнің ірі ақпараттық бірлестіктерінің бірі, орыс тіліндегі кейбір басылым көздерін қоса, білімнің барлық саласын қамтиды, яғни коммерциялық, саяси, құқықтық мазмұны бар толықмәтінді онлайн базасын ұсынады. Тұрақты жаңартылып отыратын мәліметтер қоры жүйесінде:

әлемдік және еуропалық жаңалықтардан тұратын газеттер, журналдар;

әлемнің барлық жерінің қоғамдық және жеке компанияларының есептері;

1975 жылдан АҚШ-тың патенттік бюросының патенттік құжаттары;

Мемлекеттер мен аймақтардың аналитикалық есептері.

ProQuest (www.proquest.com) – баспалардың компьютерлік версияларын алу үшін әлемнің мыңдаған баспаларымен келісімдері бар. HTML, PDF форматтағы толық мәтіндерін ұсынады.

ScienceDirect (www.sciencedirect.com, 1999 ж.) – медицина, техника, ғылым салалалары мәліметтерінің ең ірі қайнар көздерінің бірі. Ресейлік газеттердің орталық және аймақтық базасы, мемлекеттік стандарттар, Ресей ғылым академиясының журналдары, статистикалық мәліметтер, жаңалықтар, Украина және басқа да ТМД елдерінің мерзімді басылымдары, ҚХР ғылыми жарияланымдары мен мерзімді басылымдарынан тұрады.

Әлемдік сандық кітапхана

2009 жылдың сәуір айында әлемдік сандық кітапхана ашылды – WDL:// www.wdl.org/ru.

WDL әлемнің мәдени қазынасы коллекциясына жеті (орыс, ағылшын, араб, қытай, француз, испан, португал) тілде қолжетімділікті ұсынады. Кітапхананың сайтында бейнеленген әлемнің мәдени қазынасының қатарына: қолжазбалар, карталар, сирек кездесетін кітаптар, музыкалық партитуралар, жазбалар, фильмдер, түсірілімдер, суреттер және архитектуралық сызбалар кіреді.

WDL кітапханасының серіктестіктері құнды мәліметтердің жиынтығын сақтайтын кітапханалар, мұрағаттар және тағы басқа мекемелер. Сайт мектеп оқушылары, студенттер, оқытушылар, ғалымдар және басқа да Интернет қолданушыларына көптеген пайдалы мәліметтерден тұрады.

Әлемдік сандық кітапхана қоры pdf форматтағы файлмен ұсынылған және жүктеп алуға қолжетімділік бар.

Әлемдік білім беру ресурстары

Білім беру ресурстары – сапалы және көлемді білімнің, кәсіби тәжірибенің кезеңнен-кезеңге білім беру жүйесі арқылы жинақталған қоры.

Білім беру саласының негізгі тенденциялары мынадай: білім беру кезеңдерінің үздіксіз тізбегін құру, қалыптастыру және кәсіптендіру (сочетание – базалық білімді, мамандықтарды ескергенде), пәнаралық байланыс, жылдамдатылған жаңа пәндердің дамуы (информатика, биотехнология және т.б.), диверсификация (мектептер арасындағы бәсекелестік), демократияландыру. Жалпы

айтқанда дамыған елдердің бір-бірінен кейін жалғасқан білім сатылары нәтижесінде білім алушының диплом алуына және ары қарай білімін жалғастыруына немесе жұмысқа орналасуына, қызметі бойынша өсуіне ықпалын тигізеді.

Әр елдің білім беру саласының мәселелері түрліше болып келеді. Дамыған елдерде білім беру саласының алдында жалпылай жоғары білім беруге көшу мәселесі тұрса, дамушы елдерде көп жылдардың еншісіне орта білім беруді көтеру мәселесі қойылған, ал көпшілігіне сауатсыздықты жою және жалпы бастауыш білім беру жүйесін ендіру мәселесі қатысты. (2000 жылғы санақ бойынша сауатсыздардың саны 800 млн-ды құрайды).

Білімнің сапасы оның қажеттілігіне және заманға сай болуына байланысты. Білім сапасы құндылығының негізгі параметрі білімнің меңгерілген көлемі емес, оқи алу қабілеті, өз бетімен білімін көтере білу және ақпаратты іздей алу біліктілігінің болуы.

Дамыған елдерде жоғары білімі бар халықтың саны көбеюде (2002 жылы халықтың 23% 25–64 жас аралағындағы тобының жоғары білімі бар, ал АҚШ-та – 38%, Канадада – 43% құрайды). 2000 жылы АҚШ-тың жоғары мектептерінде білім алатын жастар – 38% (топта 20–29 жас), Финляндияда – 44%, Швецияда – 32% құрайды. Соңғы онжылдықта жоғары мектептерде білім алатын білім алушылардың саны 50%-ға артты. Атап айтсақ, Исландия, Оңтүстік Кореяда, Чехияда, Венгрияда және Польшада 20%-ға, ал Ұлыбритания, Финляндия, Ирландия, Австралия, Швеция, Испания, Португалия, Мексикада 50%-ға артты.

Соңғы онжылдықта дамыған елдердің жоғары білім беру құрылымы біртіндеп ортақ жаһандық үлгіге жақындады, студенттердің 2/3 бөлігі гуманитарлық бағыт (гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар, құқық, педагогика, өнер) бойынша дәріс алса, ал 1/3 бөлігі жаратылыстану ғылымдары мен техникалық пәндер (жаратылыстану ғылымдары, техника, медицина, құрылыс, ауыл шаруашылық) бойынша білім алады. 2001 жылы ғылыми-техникалық пәндер саласы бойынша ЖОО түлектерінің АҚШ-та 17%, Жапонияда – 12%-ын құрайды.

Ү ТАРАУДЫҢ БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Алыс жақын шетелдердегі ақпараттық білім беру ресурстарын қалай түндіресіз?
2. МИФИ НИЯУ басылымдарына нелер жатады?
3. НТИ органдарының басылымдары дегеніміз қандай басылымдар?
4. Шетелдік ғылыми мерзімдік басылымдар мәліметтерінің толық мәтіндік базаларына не жатады?

«ӘЛЕМДІК АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ» КURСЫН МЕНГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

Логикалық операторларды қолданып, өз жұмысыңыздың тақырыбы бойынша сұранысты ағылшын тілінде құрастырыңыз.

Қолданушы сұранысты дәл құрастыруға қиналатын жағдайда, алмастырушы символ (?) және қысқарту символы (*) қолданылады.

Алмастыру және қысқарту символдары таныс емес әріптермен, жазудың нұсқаларымен немесе әртүрлі жалғаулармен сөздердің сұранысын құрастыру үшін қолданылады. Ескерту: Алмастырушы символды, қысқарту символы сияқты ізденістік терминнің бірінші әрпі ретінде қолдануға болмайды.

Әріпті алмастыру сұрақ белгісімен жүзеге асырылады (?). Аталған символды қолдану үшін, ізденістік терминдерді енгізіңіз және әрбір таныс емес әріпті «?» белгісімен алмастырыңыз. Жүйе «?» белгісін әріппен алмастыра отырып, әріптік үйлесімнің нұсқаларын қамтитын нәтижелерді іріктеуді жүзеге асырады. Мысалы, neat, nest немесе next сөздерін қамтитын барлық сілтемелерді алу үшін ne?t сөзін басып шығарыңыз. Алайда, жүйе net сөзін іздеуді жүзеге асырмайды, себебі бір әріп «?» символымен алмастырылған.

Қысқарту жұлдызша (*) символымен белгіленеді. Қысқартуды қолдану үшін, ізденістік терминінің негізін енгізіңіз және аяқталуын «*» белгісімен алмастырыңыз. Жүйе аталған сөздің барлық мүмкін болар формаларын іздеуді жүзеге асырады. Мысалы, computer сөзін іздеу үшін comput* сөзін басыңыз.

? символы немесе * символын сөздің бастапқы, соңғы немесе ортаңғы бөлігінде қолдануға болады, бірақ бір сөзде бер реттен артық қолдануға болмайды. Бұл белгілер сөздегі, шифрдағы, сандағы белгілердің анықталмаған бірізділігін алмастырады. Мысалы, ?*механикалық* сұранысы бойынша мыналар табылады: *механикалық, биомеханикалық, геомеханикалық, микромеханикалық, котельді-механикалық, электрмеханикалық*; автор бойынша *Котов* сөзін іздеуде мыналар: әртүрлі есімдері мен әкесінің есімдері бар фамилиялар табылады: *Котов, Котова, Котовский*. Фамилияның соңында ? белгісінің болмауында *Котов* фамилиясы бар авторлар ғана табылатын болады.

Жазудың нұсқалары бар сөздерді іздеуде, жазудың бір

нұсқасы әріптердің көпшілік санымен ұсынылатын болса, онда # **СИМВОЛЫН** қолдануға болады. Іздеу кезінде сөздің барлық нұсқалары бар жазбалар табылады. Табылған сөзде # символының орнында ешқандай белгі болмауы мүмкін. Мысалы, *colo#r* р, сұранысы бойынша *color* және *colour* сөздері бар жазбалар; ал *штут#гарт* сұранысы бойынша - *Штутгарт* және *Штутгарт* сөздері табылатын болады. Сөздерді жазудың нұсқалары бір әріппен айрықшаланатын болса, онда ! **СИМВОЛЫ** қолданылады. Мысалы, *wom!n* сұранысы бойынша *woman* және *women* сөздерінен тұратын жазбалар, ал *конверт!р* сұранысы бойынша *конвертер* және *конвертор* жазбалары табылатын болады. Бұл символды қажетті жазбаларда ізденістік сөзде, нақты орында қандай әріптің тұрғанына күмәнданатын болсаңыз қолдану ыңғайлы.

Келесі мысалдар ?, #, !: символдардың функциялары арасындағы айырмашылықты көрсетеді:

Егер автор бойынша іздеуде *пан?в* іздеу сөзі тапсырылатын болса, онда *Панаев, Панайотов, Паничев, Панков, Панкратов, Панов* және т.б. авторлар табылатын болады;

Егер *пан#ев* сөзі тапсырылатын болса, онда *Паничев* сөзі емес, *Панаев, Паниев, Панев, Пантев* сөздері табылатын болады;

Егер *пан!в* сөзі тапсырылатын болса, онда *Панков, Панкратов* немесе *Панаев* сөздері емес, *Панов* және *Панев* сөздері табылатын болады.

% символын екі сөздің арасына келесі санмен қоюға болады, бұлай қою қаланған арақашықтықты көрсету үшін қажет, оның арасындағы сөздер бастапқы мәтінде кездесуі керек, яғни сұраныстағы сан көрсетілген сөздердің арасындағы қанша сөздің табылған жазбада болатынын білдіреді. Мұнда сөздер ретінің ешқандай мәні болмайды. Мысалы, іздеу үшін мазмұны бойынша *психология %1 отбасы* сұраныста мазмұнды қамтитын жазбалар табылатын болады: *Отбасы психологиясы; Қазіргі отбасы психологиясы; Отбасы психологиясы және психотерапиясы; Отбасының денсаулығы; Психология. Физикалық денсаулық. Тәрбие*, алайда келесі мазмұнда табылмайды: *Балаға отбасының тәрбиелік әсерінің психологиясы; Отбасы мен некенің психологиясы және психотерапиясы; Бүкіл отбасының денсаулығы; Физикалық денсаулық. Психология. Тәрбие.*

! келесі сан болатын символын екі сөздің арасына қоюға

болады, ол қаланған арақашықтықты көрсету үшін қолданылады, оның арасындағы сөздер бастапқы мәтінде **енгізу ретінде** кездесуі керек, яғни сұраныстағы сан көрсетілген сөздер арасындағы қанша сөздің табылған жазбадан табылатынын білдіреді. Мұнда жазбадағы сөздер сұраныстағы бірізділікте тұруы керек. Бұл жағдайда сұраныс бойынша *психология !2 отбасы* мазмұны бойынша іздеуде келесі мазмұнды қамтитын жазбалар табылатын болады: *Отбасы психологиясы; Қазіргі отбасы психологиясы; Отбасының психологиясы және психотерапиясы; Отбасы мен некенің психологиясы және психотерапиясы*; ал келесі мазмұндар табылмайды: *Тұтас отбасының психологиясы; Психология. Физикалық денсаулық, Тәрбие.*

Тапсырма.Нақтылаушы символды қолданып, Ресей мемлекеттік кітапханасының электронды каталогында «Бюджетирование и управленческий учет» тақырыбы бойынша ақпаратты іздеу үшін ізденістің сұранысын құрастырыңыз (www.rsl.ru) (Дұрысы: Бюджетир* и управ* учет)

Тапсырма. Алмастырушы символды қолданып, Ресей мемлекеттік кітапханасының электронды каталогында Поляков фамилиясы бар авторлардың ізденістік сұранысын құрастырыңыз (www.rsl.ru). (Дұрысы: Пол?ков).

Тапсырма. Алуан түрлі символдарды қолданып, Ресей мемлекеттік кітапханасының электронды каталогында «Клиринговая компания» тақырыбы бойынша алуан түрлі сұраныстарды құрастырыңыз (www.rsl.ru).

Шетелдік ақпараттық ресурстарда іздеудің келесі функциялары қарастырылған:

Қолданушының енгізген әріптерінен басталатын элементтері бойынша;

Қолданушының енгізген сұранысының бір немесе одан көп сөздері бар басылымдар. Нәтижелер сіздің ізденістік сұранысыңызға сәйкестік реті бойынша шығарылады.

Тапсырылған фразаға дәл сәйкес басылымдар.

Қолданушыға алуан түрлі ізденістік терезелер қолжетімді: мысалы, Advanced with a Single Find Field (сұраныстың қатары бар кеңейтілген ізденіс); Advanced with a Single Find Field and Search builder (сұраныс қатары және ізденістің конструкторы бар кеңейтілген ізденіс) және Advanced with Guided Style Find Fields (Жиектерді басқаруға болатын кеңейтілген ізденіс).

Save Options (Сақтау опциялары) іріктелген материалдарды сақтауды қамтиды. Мысалы, Science сөзін Browse For жиегіне енгізіңіз және Browse түймесін басыңыз. Егер сіз Science and Society және Science as Culture басылымын белгілеп, Add түймесін бассаңыз, сіздің модификацияланған сұранысыңыз сұраныс жиегіне келесі түрде енгізілетін болады: JN «Science & Society» OR JN «Science as Culture».

Сонымен бірге, сіз Search түймесін басып, екі басылымнан нәтиже алатын болсаңыз немесе ізденісіңізді Find жиегінде редакциялайтын болсаңыз, ізденісіңізге «AND humanity» қоса аласыз. Аталған операция нәтижелердің басқа жиынтығына әкеледі.

Біз алуан түрлі ақпараттық ресурстарды қолданудың жалпы ережелері туралы баяндадық. Іздеу әдістері бойынша бастапқы білімді меңгеріп, ізденістің сұранысты құрастыру және жүзеге асыру әрі қарай ешқандай қиындық тудырмайды, яғни сіз әрқашан өзіңізге қажетті ақпаратты таба аласыз.

ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР

№1 зертханалық жұмыс

Тақырыбы: Интернет-провайдерлер қызметтерінің тарифтері және төлеу схемалары

Мақсаты: Интернет-провайдерлер қызметтерін төлеудің ұтымды схемаларын анықтау.

І-тапсырма. Смоленск қаласындағы Интернет-провайдерлердің сайттарын пайдалана отырып, ADSL бойынша on-line тәртібіндегі Интернетті қосуға төлеу тәртіптері және тариф, кесте түріндегі желі туралы мәліметті көрсету. Талдау үшін тарифтің орташа мәнін алу. Тарифтерді рубль түрінде көрсету.

Төлеу схемалары	Тариф, рубль							
	Corbina	Mannet	Ситиком	Домолинк		Смоленск- ком	Телепорт	
	Ethernet	Ethernet	Ethernet	ADSL	Ethernet	Ethernet	ADSL	Ethernet
уақыт бойынша								
трафик бойынша								
Аралас (уақыт+ трафик)								
Борышақы (аванс)								
Тіркеу								

2-тапсырма. Кесте түріндегі қосымша қызметтер және тарифтері туралы мәліметті Смоленск қаласының Интернет-провайдер сайттарын пайдалана отырып көрсету. Тарифтерді рубль түрінде көрсету.

Қосымша тариф, рубль

Қызмет түрлері	Mannet	Corbina	Домолинк	Алматытелеком	Ситиком
Пошта жәшігі қосымша					

3-тапсырма. Тиімді төлеу схемасын таңдау және бір айдың ішіндегі ақпараттық қызметтерді пайдалану төлемақысын есептеп көрсету. (21 жұмыс күні). Есептеу нәтижелерін кесте түрінде көрсету.

Нұсқалар	1	2	3	4	5	6
Жұмыстың уақыты, кунара	2	5	4	4	6	2
Мәліметті алуға кететін уақыт, жұмыс уақытының барлығынан %	50	20	15	60	40	10
Желілік жабдықтың өткізу қабілеті, Кбит/с	64	128	256	64	512	1024
Ақпараттық қызметтердің тарифтері						
Абоненттік төлем теңге/айына	0	1000	500	150	1000	700
Уақыт бойынша төлем теңге\ сағаты	2	20	11	14	28	33

Трафик бойынша төлеу теңге/ Мбайт						
Аралас төлеу:						
Абоненттік төлем теңге/айына+	300	500	750	1000	1500	2088
Трафиктік, теңге/ Мбайт	1,6 (200 Мбайт)	1,4 (400 Мбайт)	1,0 (1024 Мбайт)	0,8 (2048 Мбайт)	0,6 (4096 Мбайт)	3 (500 Мбайт)
Айға төлеуді теңгемен есептеу						
Уақыт бойынша						
Трафик						

бойынша						
Аралас						
Абоненттік						
Ең төменгі төлем						

Провайдерлердің уақыт, трафик, аралас және абоненттік төлемақы бойынша қызметтерін төлеу құнының графигін құрастыру.

Бақылау сұрақтары:

1. Құжатталған мәлімет. Анықтамасы.
2. Ақпараттық жүйе. Анықтамасы.
3. Ақпараттық процестер. Анықтамасы.
4. Ақпараттық ресурстар. Анықтамасы.
5. Ақпараттық қорлардың жабдықтаушылары.
6. Әлемдік ақпараттық ресурстардың құрылымы.
7. Әлемдік ақпараттық ресурстарға көрсетілетін талаптар

№2 зертханалық жұмыс

Тақырыбы: Негізгі ақпараттық ресурстардың көздері

Мақсаты: Компьютерлердің бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етуін ұсынатын әлемдік ақпараттық ресурстармен танысу.

1-тапсырма. ixbt.com сайты.

ixbt.com сайтымен танысу. Сайттың басты бетін зерттеп қарап шығу және навигациялық панелімен, жаңалықтар тізімдерімен танысу. Сайттың картасын және сілтемесін табу. Сайттағы жарнамалық ұсыныстарды табу, ресурстарды жазып алып, оларға 1-кестеде келтірілгендей қысқаша сипаттама беру.

1-кесте.

Корпорация аты	Интернеттегі мекенжайы	Ресурс сипаттамасы

2-тапсырма. rsnnews.ru сайты

rsnnews.ru сайтымен танысу. Сайттың басты бетін зерттеп қарап шығу және навигациялық панелімен, жарнама берушілердің тізімімен көрсетілген тақырыптық шолулармен танысу.

2-кесте.

Шолу тақырыбы	Бөлімнің тақырыбы	Бөлімнің сипаттамасы

Жарнама берушілердің 4 сайтын қарап шығу. Сайттардың басты бетін зерттеу, сайттардың қысқаша сипаттамасын жасау. Нәтижелерді есепте көрсету.

3-кесте.

Корпорацияның аты	Интернеттегі мекенжайы	Ресурс сипаттамасы

3-тапсырма. feega.ru сайтын зерттеу

feega.ru сайтымен танысу. Сайттың басты бетін зерттеу, сайтта көрсетілген бөлімдерді талқылау. Нәтижелерді есептеу нәтижесінде көрсету.

4-кесте.

Бөлімнің атауы	Бөлімнің тақырыбы	Тақырып бойынша түсініктеме

Бақылау сұрақтары:

1. Ақпараттық ресурстарды мемлекеттік басқару
2. Мемлекеттік ақпараттық ресурстар. Классификациясы.
3. Ақпаратқа қолжетімділіктің категориялары
4. Ақпараттық ресурстарды ұйымдастыруды басқарудың негізгі шешімдері
5. Стратегиялық жоспарлауды қамтамасыз етудің мазмұны мен құрылымы

№3 зертханалық жұмыс

Тақырыбы: Кәсіпкерлік қызметтегі кәсіпорындар мен ұйымдардың қолданатын ақпараттық қорлары

Мақсаты: Ақпараттық қорлар кәсіпкерліктегі кәсіпорындармен және ұйымдарда қолданылатын өнімнің нарық күйінің талдауы және айқындалған ақпараттық қорлардың негізіндегі қызметтері

Тапсырмалар:

Өнеркәсіп саласына жататын бір саланы таңдау (түсті металлургия, тамақ өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп, т.б.) немесе қызмет көрсету салалары (жарнама, туризм, көлік қызметтері)

Саланың, тауар немесе қызмет нарығының күйін сипаттайтын ақпараттық ресурстарды айқындау.

Айқындалған ақпараттық қорлар негізінде саланың немесе өнім нарығының күйіне талдау жүргізу.

Ақпараттық қордың аты	Сипаттамасы (Интернет желісіндегі мекенжайы)
Салалар және нарық күйі туралы мәліметтер беретін ақпараттық-аналитикалық агенттіктер (2 мин)	
Ақпараттық және аналитикалық материалдары қажет болатын мерзімді баспа шығарылымдары (2 мин)	
Деректер қоры, тізбелер, анықтамалар (2 мин)	

Бақылау сұрақтары:

1. Құрылым және стратегиялық жоспарлауды қамтамасыз ету бойынша зерттеулердің мазмұны

2. Бизнес-жоспар бөлімдерін өңдеуге арналған мәліметтер

3. Сыртқы экономикалық қызмет жүргізу үшін қажетті мәлімет

№ 4 зертханалық жұмыс

Тақырыбы: Әлемдік ақпараттық ресурстар.

Мақсаты: Ақпараттық білім беру ресурстары. Қазақстандағы білім беру порталдарымен танысу, олармен жұмыс жасау.

Тапсырмалар:

1. Келесі ұғымдарға түсінік беру: портал, көлденең портал, тік портал.
2. Қазақстандағы білім беру порталдары жайлы сипаттама беру.
3. Қазақстандағы басқа да білім беру порталдарының аты және мекен жайы туралы мәлімет беру.
4. Білім беру порталдарына байланысты презентация жасау (1 порталды алу).

Бақылау сұрақтары:

1. Білім беру ресурстарының жалпылама ерекшеліктері.
2. Виртуальды университеттер және оларда жүргізілетін виртуальды пәндер.
3. Білім беру ресурстарын ұйымдастыру жолдары.

№ 5 зертханалық жұмыс

Тақырыбы: Қоғамның ақпараттық ресурстары. Ақпараттық білім беру ресурстары. Бағдарламалық қамсыздандырумен жұмыс жасау.

Мақсаты: Ақпараттық білім беру ресурстарымен жұмыс жасап үйрену, олардың көмегімен керекті мәліметтерді табу, бағдарламалық қамсыздандырумен жұмыс жасаудың әдістерін меңгеру.

1-тапсырма

1. Интернетті жүктеңіз.
2. Іздеу жолына “Білім беру ресурстарының каталогтары” («Каталог образовательных ресурсов») мәтінін енгізу
3. Анықтаңыз: Интернет желісіндегі білім беру ресурстары қандай бөлімдерден тұрады.

4. Жоғарыдағы білім беру ресурстарының ішінен үшеуін таңдап, олардың сипаттамасын кестеге толтырыңыз :

Аты	Сипаттамасы

2-тапсырма

Әмбебап анықтамалық энциклопедия көмегімен келесі сұрақтарға жауап жазу:

- 1) Григориан күнтізбесінің бекітілген уақытын көрсетіңіз.
- 2) Түйіршіктің диаметрі қаншаға тең?
- 3) Дыбыстың қауіпті деңгейін анықта.
- 4) Темірдің қайнау температурасы қандай?
- 5) Йодтың балқу температурасы қандай?
- 6) Жердің Күнді айналу жылдамдылығы қандай?
- 7) Жердің салмағы неге тең?
- 8) Австралияда қандай тау ең биік болып табылды?
- 9) Кампа халқына сипаттама беріңіз.
- 10) III Иван қай жылдары ел биледі?
- 11) II Екатерина қай жылдары ел биледі?
- 12) IV Иван қай жылдары ел биледі?
- 13) Н.С.Хрущев қай жылдары билік жүргізді?
- 14) Ағаш велосипед қай жылы пайда болды?

3-тапсырма Сұрақтарға жауап беру:

- 1) Сіз ақпараттық ресурстарды қалай түсінесіз?
- 2) Ақпараттық ресурстардың жіктеу параметрлеріне тоқталыңыз.
- 3) Білім берудегі ақпараттық ресурстарды қалай түсінесіз?
- 4) Білім берудегі электронды ресурстардың құрамына кіретіндер...

№6 зертханалық жұмыс

Тақырыбы: Лицензиялы және еркін таратылатын бағдарламалық өнімдер. Интернет желісін қолдана отырып, бағдарламалық қамсыздандыруды жаңартуды ұйымдастыру.

Мақсаты: Лицензиялы және еркін таратылатын бағдарламалық өнімдермен жұмыс жасауды үйрету. Интернет желісі арқылы бағдарламалық қамсыздандыруда жаңалауды үйрену.

1-тапсырма. Интернеттен ҚР «Ақпараттандыру туралы» заңынан келесі ұғымдарға түсіндірме беру.

1. Ақпараттандыру
2. Ақпараттандыру объектілері
3. Ақпараттандыру субъектілері
4. Ақпараттық жүйе
5. Ақпараттық процестер
6. Домендік атау
7. Интерактивтік қызмет көрсету

2-тапсырма

Яндекс браузерінің «Қолданушылардың келісімі» бөлімін қарап шығып, келесі сұрақтарға жауап беру:

Сұрақ	Жауап
Яндекске пайдаланушылардың келісімі қандай адреске болады?	
Яндекс браузері пайдаланушыларына қандай жағдайда қызмет көрсетуден бас тартады?	
Яндекс пайдаланушылардың іс-әрекетін қалай бақылайды?	
«Контент» терминіне түсініктеме беріңіз?	

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беру

1. Компьютердегі бағдарламалық қамсыздандыру деген не?
2. Қандай бағдарламалар шартты түрде ақысыз болып табылады?
3. Қандай бағдарламалық құралдар еркін таратылатын бағдарламаларға жатады?
4. Лицензиясы бар бағдарламалық қамсыздандырудың артықшылықтары?
5. Лицензиясы жоқ бағдарламаларды қолданғанда қандай қиындықтар туады?

4-тапсырма

Өзіңіз жұмыс жасап отырғын компьютеріңізде орнатылған бағдарламаларды тізбектеп жазыңыз?

Microsoft Office пакетіне кіретін бағдарламалар:

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.

Стандартты бағдарламалар:

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.

№ 7 зертханалық жұмыс

Тақырыбы: Электронды кітапханалар

Мақсаты: Жеке және ұжымдық сайттарды мысалға ала отырып, электронды кітапханалардағы басылымдардың жариялау құрылымының принциптерін меңгеру және тәжірибе жүзінде игеру.

Негізгі тапсырмалар:

1. Электронды кітапханалардың ерекшеліктері;
2. Ғылыми-техникалық әдебиеттер, білім беру кітапханалары (гиперсілтемелік тізімдері);
3. Мамандандырылған кітапханалар және мұрағаттар (патенттің гиперсілтемелік тізімдері, географиялық картаның мұрағаттары және т.б)

Қосымша сұрақтар:

Электронды кітапханадағы ақпараттық ресурстарды ұсынудың және ұйымдастырудың өзге де формалары (виртуалды мұражай, UNIMARC, RUSMARC, ENGMARC, форматтары)

№ 8 зертханалық жұмыс

Тақырыбы: Дүниежүзілік білім беру ресурстары

Мақсаты: Қашықтықтан білім беру жүйесі бойынша ақпараттық ресурстарды іздеу және пайдаланған сервисті тәжірибе жүзінде игеру

Негізгі тапсырмалар:

1. Білім беру ресурстарының ортақ ерекшеліктері;
2. Виртуалдық университеттер және пәндер;
3. Білім алу ресурстарын ұйымдастырудың өзге түрлері

Қосымша тапсырмалар:

Ресей және әлем бойынша виртуалды университеттердің гиперсілтеме тізімін іздеу.

№9 зертханалық жұмыс

Тақырыбы: HTML тілінде web-сайтын құру

Мақсаты: HTML тілінде web парақшасын және web-сайтын меңгеру. HTML құжаттарымен, элементтермен, құрылымдарымен танысу. Форматтық мәтін мен шрифті басқару.

Жабдықтар мен аспаптар, материалдар: Дербес компьютер, блокнот, Интернет-браузер.

Қысқаша теориялық мәліметтер:

Интернет (оқылуы [интэрнэт]; ағылш. Internet — International Network) компьютерлік серверлердің бүкіләлемдік желісі. Интернетке қосылу мүмкіндігі болған жағдайда, білім беру

мекемелері, мемлекеттік ұйымдар, коммерциялық кәсіпорындар және жеке адамдар сияқты миллиондаған қайнар көзінен ақпарат алуға болады. Қазіргі кезде Интернет сөзін пайдаланғанда, физикалық желінің өзін емес, дүниежүзілік желі және ондағы ақпаратты айтамыз.

Веб-портал (ағылш. Web portal немесе ағылш. Portal, «басты кіру») – бұл тікелей өзара байланыстырылған және «Интернеттік» желі арқылы орындалатын аппараттық орта жиынтығы. Компьютермен орындалатын машинамен оқу және электронды жеткізуіштерді сақтаушылар алдын ала жазылған ақпараттарды оларға жеткізеді немесе жазып алу орындаушылық мүмкіндігін, компьютерлік бағдарлама, ақпараттар қоры, т.б түріндегі ақпараттарды оқу, анықталған ақпараттарды өңдеуді орындаушылық мүмкіндігі және қолданушыларды веб-порталды басқару, өңделген, басқарылған ақпараттар болған жағдайда Интернет-сервистер оларға ақпарат береді.

1-тапсырма. Html тілінде бес сөзден тұратын Блокнот бағдарламасында <<Менің сайтым>> web-сайтын құрыңыз.

Бірінші парақшаның мазмұны:

- Тақырыбы
- Гиперсілтеме: <<Өзім жайлы>>,<<Менің отбасым>>,<<Достарым>>.

Бірінші, екінші және төртінші, бесінші парақшаның мазмұны:

- Тақырыбы
- Суреті (кем дегенде әр парақшада)

2-тапсырма. Браузердің жұмыс істеу қабілетін және графикаға ауысқан кезін анықтаңыз.

3-тапсырма. Қаріптің түрін CorelNew-ге ауыстыру және өлшемінің 14 екеніне көз жеткізіңіз.

4-тапсырма. Кез-келген хостинг тегін сайттарға орналастырыңыз. Жұмыс істеу қабілетін тексеріңіз.

Бақылау сұрақтары:

1. WWW дегеніміз не?
2. Web парақша дегеніміз не?
3. Сайт дегеніміз не?
4. Web-беттің жасау кезеңдері.

Білім алушының оқытушы басқаруымен өздік жұмыстары бойынша өткізілетін сабақтардың жоспары (БАОӨЖ)

№	Тапсырма	Жүргізу формасы	Әдістемелік нұсқау	Нұсқалатын әдебиеттер
1	Әлемдік ақпараттық кеңістік	Тренинг	Әлемдік ақпараттық кеңістік ұғымына тереңірек мағлұмат беру. Іздеу түрлеріне <u>сипаттама</u> .	5 нер. [14-20] 4 нер. [33-37] 2 нер. [7-15]
2	Әлемдік ақпараттық ресурстардың ұйымдастырылған құрылымы	Тренинг	Әлемдік ақпараттық ресурстарды іздеу әдістері: толық мәтіндік іздеу, суретті іздеу және т.б. ерекшелігі.	4 нер. [33-37] 2 нер. [7-15]
3	Электронды оқулықтар – ақпараттық білім беру ресурстарының бірі	Тренинг	Электронды оқулықтар ұғымына сипаттама. Білім беру ресурстары объектісіне мысалдар.	3 нер. [20-21] 4 нер. [127-134] 2 нер. [56-63]
4	Ақпараттық порталдар. Ақпараттық іздеу порталдары, электрондық мәліметтер қорлары	Тренинг	Ақпараттық порталдарға мысалдар келтіру.	4 нер. [15-31] 1 нер. [33-37] 2 нер. [7-15] 3 нер. [15-32]
5	Жаһандық желдер: ұйымдастырылуы, қолжетімділік, жұмыс жасауы	Тренинг	Интернет туралы толық мәлімет.	4 нер. [15-31] 1 нер. [33-37] 2 нер. [7-15] 3 нер. [15-32]
6	Қашықтықтан оқыту	Тренинг	Қашықтықтан оқыту туралы толық мәлімет.	4 нер. [134-165]
7	Электронды кітапхана	Тренинг	E-mail, WWW, FTP мүмкін-діктерін сипаттау. Кітапханада электронды каталогты пайдалануға тоқталу.	4 нер. [134-165] 1 нер. [99-141]
8	Әлемдік ақпарат нарығының дамуы	Тренинг	Әлемдік ақпарат нарығының даму этаптары туралы толық мәлімет.	2 нер. [21-30] 3 нер. [32-60]
9	Әлемдік білім нарығы	Тренинг	Әлемдік білім нарығы ұғымының мәнін ашып көрсету.	4 нер. [134-165]
10	Интернет ресурстары	Тренинг	Internet қызмет көрсетуге байланысты мысалдар.	4 нер. [189-214] 3 нер. [32-60]
11	Интернеттің статистикалық ресурстары	Тренинг	Интернеттің статистикалық ресурстары туралы сипаттама беру.	3 нер. [60-75] 2 нер. [152-162]
12	Интернет жүйесіндегі патенттік ресурстар	Тренинг	Глобалдық желдегі электронды бизнеске шолу.	2 нер. [7-15] 3 нер. [15-32]
13	Іскерлік ресурстар	Тренинг	Іскерлік ресурстардың ерекшелігі.	4 нер. [15-31] 1 нер. [33-37]
14	Кейс-технология	Тренинг	Кейс-технологияға түсініктеме беру.	3 нер. [86-96] 1 нер. [30-34]

Білім алушының өздік жұмыстары бойынша өткізілетін сабақтардың жоспары (БАӨЖ)

№	Тапсырма	Әдістемелік нұсқау	Нұсқалатын әдебиеттер
1	Әлемдік ақпараттық кеңістік	Әлемдік ақпараттық кеңістік ұғымына тереңірек мағлұмат беру. Іздеу түрлеріне сипаттама.	5 нег. [14-20] 4 нег. [33-37] 2 нег. [7-15]
2	Әлемдік ақпараттық ресурстардың ұйымдастырылған құрылымы	Әлемдік ақпараттық ресурстарды іздеу әдістері: толық мәтіндік іздеу, суретті іздеу және т.б. ерекшелігі.	4 нег. [33-37] 2 нег. [7-15]
3	Электрондық оқулықтар ақпараттық білім беру ресурстарының бірі	Электронды оқулықтар ұғымына сипаттама. Білім беру ресурстары объектісіне мысалдар.	3 нег. [20-21] 4 нег. [127-134] 2 нег. [56-63]
4	Ақпараттық порталдар. Ақпараттық іздеу порталдары, электрондық мәліметтер қоры	Ақпараттық порталдар. Ақпараттық іздеу порталдары, электрондық мәліметтер қорлары туралы сипаттама беру	4 нег. [15-31] 1 нег. [33-37] 2 нег. [7-15] 3 нег. [15-32]
5	Жаһандық желілер: ұйымдастырылуы, қолжетімділік, жұмыс жасауы	Интернет туралы толық мәлімет	4 нег. [134-165] 1 нег. [99-141]
6	Қашықтықтан оқыту	Қашықтықтан оқыту туралы толық мәлімет	2 нег. [21-30] 3 нег. [32-60]
7	Электронды кітапхана	E-mail, WWW, FTP мүмкіндіктерін сипаттау. Кітапханада электронды каталогты пайдалануға тоқталу	4 нег. [134-165] 1 нег. [99-141]
8	Әлемдік ақпарат нарығының даму этаптары	Әлемдік ақпарат нарығының даму этаптары туралы толық мәлімет	2 нег. [21-30] 3 нег. [32-60]
9	Әлемдік білім нарығы	Әлемдік білім нарығы ұғымының мәнін ашып көрсету	4 нег. [134-165] 1 нег. [99-141] 2 нег. [21-30]
10	Интернет ресурстары	Internet қызметтер көрсетуге байланысты мысалдар.	4 нег. [189-214] 3 нег. [32-60]
11	Интернеттің статистикалық ресурстары	Интернеттің статистикалық ресурстары туралы сипаттама беру	3 нег. [60-75] 2 нег. [152-162]
12	Интернет жүйесіндегі патенттік ресурстар	Глобалдық желідегі электрондық бизнесіне шолу	2 нег. [7-15] 3 нег. [15-32]
13	Іскерлік ресурстар	Іскерлік ресурстардың ерекшелігі	1 нег. [103-109] 3 нег. [76-85]
14	Кейс-технология	Кейс-технологияға түсініктеме беру	4 нег. [15-31] 1 нег. [33-37]

ГЛОССАРИЙ

АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІК тиісті ақпарат тасушыларда бекітілген деректер, мәліметтер мен білім жинақталған ақпараттық ресурстар

АҚПАРАТТЫҚ ІЗДЕСТІРУ ЖҮЙЕСІ (Информационно-поисковая система; information storage and retrieval system) – пішімделген сұраным бойынша мәліметтерді сақтауға және іздестіруге арналған программалық жүйе; информациялық іздестіру жүйесін пайдалануда жүйені жасаушылар жеңілдетілген табиғи тілді пайдалануға ұмтылады.

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ (ҚБТ) – білім алушы мен педагогикалық қызметкердің жанама немесе толық емес жанама өзара әрекеті барысында ақпараттық және телекоммуникациялық құралдарды қолданумен жүзеге асатын оқыту технологиясы;

АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР (Информационные ресурсы; information resources) – кітапханаларда, мұрағаттарда, қорларда, мәліметтер банктерінде және басқа да ақпараттық жүйелерде жеке құжаттар немесе олардың жиындары түрінде шоғырланған мағлұматтар жиынтығы.

ИНТЕРНЕТ – хаттама жиынтығының біртұтас байланысы үшін пайдаланылатын желілердің, шлюздердің, серверлер мен компьютерлердің бүкіләлемдік бірігуі.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАР (Технические средства; means) – құрылғылар, тораптар, компьютердің элементтік базасы.

АҚПАРАТТЫҚ АНЫҚТАМАЛЫҚ ЖҮЙЕ (Информационно-справочная система; directory system) – интерактивті режімде жұмыс істейтін және пайдаланушыларға анықтамалық сипаттағы мағлұматтар беретін автоматтандырылған ақпараттық жүйе.

АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР – қоғам дамуы барысында ортаймайтын (табиғи, қазба байлықтар сияқты), қайта уақыт өте ұлғайып отыратын, сапалық тұрғыдан жақсарып, өзге ресурстарды тиімді пайдалануға жәрдемдесетін бірден-бір ресурс түрі болып табылады.

АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ – нақ осы ақпараттық ресурстарды ұтымды пайдалануға және оның тиімділігін арттыруға бағытталатын ақпарат.

АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМ – мемлекетті басқаруды жетілдіру және жергілікті жағдайлар мен ресурстарды ұтымды пайдалану, өндіріс тиімділігін елеулі түрде арттыру, білім беруді дамыту, табиғат ресурстарын үнемдеу, қоршаған ортаны қорғау үшін кең мүмкіндіктер ашады.

ИНТЕРАКТИВТІ МУЛЬТИМЕДИЯ ОҚУ РЕСУРСЫ – курс бойынша және оның түрлі компоненттерін навигация жүйесімен қамтамасыз етілген инструменталды құралдары мен ресурстар жүйесі;

АҚПАРАТТЫҚ-БІЛІМ БЕРУ ПОРТАЛЫ: білім беру мекемесін ҚБТ бойынша ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әкімшілік-академиялық оқу-әдістемелік ақпараттан тұратын Интернеттің ақпараттық ресурстары мен сервисінің жүйелі-ұйымдастырылған өзара байланысты жиынтығы.

КЕЙС ТЕХНОЛОГИЯСЫ: білім алушылардың өздік оқуына қағаз, электронды және басқа да түрлерде берілетін оқу-әдістемелік материалдардың кешенді жинағына негізделген технология.

КЕЙС: білім алушыларға өздік жұмыс жасау үшін берілетін оқу материалының жиыны (баспа, аудио-, видео- электронды түрде)

ТД ТЕХНОЛОГИЯ – теледидардың эфирлік, кабельді және спутник жүйесін қолдануға негізделген технология.

ТЕЛЕКОНФЕРЕНЦИЯ – ақпараттық-телекоммуникациялық технология көмегімен ұйымдастырылған алшақтағы қатысушылары бар конференция.

ТБЮТОР – ҚБТ бойынша білім алушылардың өзіндік жұмысына басшылықты жүзеге асыратын оқытушы-консультант, сонымен қатар, олардың жеке оқу жоспарын орындауын бақылаушы.

18. ВИРТУАЛЬДЫ – виртуальды нысанаға немесе процеске қиялдағы нысан мен процесс сияқты нағыз нысанмен процестердің де кешендік моделі жатады. Виртуальды қосымшасы қағаз жүзінде және басқа да материалдық тасымалдауда болатын білім берудегі және басқа объектінің электронды сәйкестіктерінің сипаттау үшін қолданылады. Сонымен қатар берілген қосымша мультимедиа техникалық интерфейске негізделгенін білдіреді, себебі нақты, кеңестері электронды сәйкестіктерінің жұмыс істеу барысында жалғастырушы метафора болып табылады.

**«ӘЛЕМДІК АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ»
ПӘНІНІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ
КАРТАСЫ**

5B070300 – «Ақпараттық жүйелер» мамандығы

№	Оқулық және оқу құралдары	Автор, шыққан жері, жылы	Әдебиет саны	Студент саны
1	2	3	4	5
Әлемдік ақпараттық білім беру ресурстары				
1	Информатикаға кіріспе: Оқу құралы /	А. Ысқақова, Б. Қанжарова, А. Махметова.- Алматы: ҚазМемҚызПИ, 2001.- 48 б.	5 дана	
2	Windows. Компьютерде жұмыс істеп үйренейік /	М.Б. Алтай, Г.С. Бөлеген.- Алматы: «Айкос», 2000.- 80 б.	30 дана	
3	Персональные компьютеры и программируемые микрокалькуляторы:	Кузнецов Е.Ю. Учебное пособие для ПТУ/ Е. Ю. Кузнецов, В. М. Оксман. - М.: Высшая школа, 1991. - 160 с.	3 дана	
4	Жаңа информациялық технологиялар: Информатикадан 30 сабақ: Оқу құралы /	Е. Балапанов, Б. Бөрібаев.- Алматы, 2001.- 403 б.: ил.	40 дана	
5	Жаңа информациялық технологиялар	Ибрагимов О.М., Құрақбаев Д.С., Нысанов Е.А. Электронды оқулық,	50 дана	

		Шымкент, 2007		
6	Компьютерлік технология негіздері курсына арналған практикум: Әдістемелік оқу құралы	С. Исаев, А. Мұхамеди, О. Ахметова.- Алматы: АГУ, 2000.- 235 б.	50 дана	
7	Компьютер архитектурасы [Мәтін]: Оқу-әдістемелік кешен	Г.И.Салғараева, Мүсіралиев Ж.А., З.Т.Суранчиева.- Алматы: ҚазМемҚызПИ, 2006.- 122 б.	9 дана	

ҚОРЫТЫНДЫ

XXI ғасырдың басында ақпарат пен телебайланыс жүйелерінің қарқынды дамуы қоғам өмірінің дамуына пәрменді әсер етті. Әлемдік ақпараттық ресурстарды пайдалануға бағытталған интеллектуальды еңбектің маңызы артты. Электронды ақпараттық ресурстар кәсіби мәліметтер қоры, электронды кітапханалар, Интернет ресурстары арқылы көрсетіледі.

Ақпараттық мәдениет мақсатқа бағытталған ақпаратпен жұмыс жасай білу, ақпаратты, компьютерлік, Интернет-технологияларды кәсіби түрде дұрыс пайдалана алу, өңдеу және тарата білумен шектеледі.

Ақпараттық қоғамда өмір сүрген кез келген адам төмендегідей біліктіліктерді игеруі тиіс:

Алға қойылған мақсатқа жету үшін ақпаратқа қажеттіліктің бағасын және анықтамасын;

Ақпараттық ресурстарды сауатты және құқықтық жағынан дұрыс пайдалана білу;

Әлемдік ақпараттық білім беру ресурстарына қолжетімділіктің болуы;

Ақпараттық ресурстарға кәсіби тұрғыдан бағалай алу.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. <http://www.intuit.ru>
<http://www.garweb.ru>
<http://www.rosinf.ru>
<http://www.kcni.ru>
<http://www.edu.ru>
<http://www.informika.ru>
<http://www.kremlin.ru/transcripts/>
<http://katalog.iot.ru>
<http://edu-net.khb.ru>
<http://portal.iac.spb.ru>
<http://www.wdl.org>
<http://www.aonb.ru/iatp/guide/>
<http://www.library.vladimir.ru>

1. *Хорошилов А. В.* Мировые информационные ресурсы: учебное пособие для вузов/А.В.Хорошилов, С.Н.Селетков.- СПб.: Питер, 2006.- 178 с.

2. Формирование открытых баз данных информационных ресурсов в области образования, науки и культуры: Отчет о НИР/ВИНИТИ.- 2005.

3. *Омелин М.* Типология сайтов [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://www.rezident.narod.ru/typolog.htm>

4. *Осин А. В.* ЭОР нового поколения

5. Ресурсы Internet: путеводитель по базам данных и электрон. кат. Б-к/АКУНБ им. В. Я. Шишкова.-Барнаул: АКУНБ, 2006.- 52 с.

6. *Хорошилов А. В.* Управление информационными ресурсами: учеб. для вузов/А.В. Хорошилов, С.Н.Селетков, Н.В.Днепровская.-М.: Финансы и статистика,2006.- 270 с.

7. *Земсков А. И.* Электронная информация и электронные ресурсы/ А. И. Земсков, Я. Л. Шрайберг.-М.:ФАИР,2007.-527 с.

8. Единое окно доступа к ресурсам образовательных порталов/А.Г.Абрамов, М. В. Булгаков, Е. Г. Гридина [и др.]//Информ.-метод. пособие для учреждений ВПО.-М.: Московская типография №6, 2007.-32 с.

9. ГОСТ 7.83-2001 СИБИД. Электронные издания. Основные виды и выходные сведения.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1-ТАРАУ. ӘЛЕМДІК АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІК	5
1.1 Әлемдік ақпараттық кеңістік ұғымына сипаттама	5
1.2 Әлеуметтік ақпарат	9
1.3 Әлемдік ақпараттық ресурстардың ұйымдастырылған құрылымы	14
1.4 Әлемдік ақпарат нарығының даму кезеңдері	17
1.5 Әлемдік білім нарығы	20
1.6 Интернет ресурстары	23
2-ТАРАУ. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР: АНЫҚТАМАСЫ, ЖІКТЕЛУІ ДАМУЫ	26
2.1 Ақпараттық ресурстарға сипаттама 26	
2.2 Ақпараттық ресурстардың түрлері 33	
2.3 Әлемдік ақпараттық ресурстардың жіктелуі	36
2.4 Құжаттарды іздеу.....	50
2.5 Қолданушыларға арналған профильді ресурстар	53
2.6. Ақпараттық ресурстармен жұмыс әдістемесі	56
3-ТАРАУ. ИНТЕРНЕТ – БҮКІЛӘЛЕМДІК АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРС ІНДЕ	56
3.1 Интернет	56
3.2 Негізгі сервистер	57
3.3 Интернеттің ақпараттық-ізденістік жүйелері	59
3.4 Іздеудің негізгі түрлері	62
4-ТАРАУ. ЭЛЕКТРОНДЫҚ КІТАПХАНА – ӘЛЕМДІК ҚОЛЖЕТІМДІ АҚПАРАТТАР РЕТІНДЕ	64
4.1Қазақстандағы электрондық кітапхана және электронды ресурстар.. ..	64
4.2 Электронды каталогтар	68
5 ТАРАУ. АЛЫС ЖАҚЫН ШЕТЕЛДЕРДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ	72
5.1 Ресейдің МиФи Нияу кітапханасы	72
5.2 МИФИ НИЯУ басылымдары	74
5.3 НТИ органдарының басылымдары	75
5.4 Интернет-кітап дүкендері	81
5.5 Шетелдік ғылыми мерзімді басылым мәліметтерінің толық мәтіндік базалары.....	82
5.6 Шетелдік мәліметтер қоры	86
«ӘЛЕМДІК АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ» КУРСЫН	

МЕҢГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР	89
Зертханалық жұмыстар	92
Глоссарий	106
Қорытынды	110
Әдебиеттер тізімі	111

С.Н. ИСАБАЕВА

ӘЛЕМДІК АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ

Редакторы: А.Балхашева
Компьютерлік қалыптаушы: С.Е.Смағұлова
Көркемдеуші: А.Қалибекұлы

Басуға 10.02.2014 ж. қол қойылды. Пішімі 60 x 84/16.
Офсеттік қағаз. Компьютерлік терілім.
Әріп түрі «Times/New Roman» Riso басылымы.
Шартты баспа табағы 17,6
Таралымы 120 дана.
Тапсырыс № 216

«Қыздар университеті» баспасы .
050000, Алматы, Гоголь көшесі 116 үй